Ұлы мейрам ұлықталды
2-бет

Шамшырақ қосымшасы
3-6-беттер

Жасминнің жарқын қадамы
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕНБІ, 22 СӘУІР, 2023 ЖЫЛ №45 (23 221) www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Алаң да, алаң, алаң жұрт

немесе заңсыздықтан зардап шегетін кім?

Әлеуметтік жағдайдың индикаторы ретіндегі баспана – халықтың басты мәселесі. Жиренше шешен айтқандай, «Өз үйің – өлең төсегіңнің» болуы материалдық-қаржылық әлеуетіне тікелей байланысты. Бірі бар жиған-тергенін жеке секторға салады, екіншісі шағын шаршы метрден үміткер ретінде әлеуметтік баспана кезегіне тұрады. Алайда, әлеуметтік баспанадан гөрі жеке сектор салған баспананың бәсі басым. Тез салымшы жинаса, солай көзді ашып-жұмғанша көпқабатты баспананың қабырғасы тұрғызылады. Бүгінде жеке инвесторлар тарапынан салынып жатқан тұрғын үйлер халықтың басым бөлігі үшін тиімді болып отыр. Ақшаңды саласың, айналдырған бір жылдың ішінде баспаналы боласың. Әрі жаңадан салынған үйлерді түрлі бағдарламалар есебінен төмен пайызбен алуға зор мүмкіндік бар. Дегенмен, бұл пәтерлерге екінің бірінің қолы жете бермейтінін де ескерген жөн.

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Коллажды жасаған М.Әйнекова

Негізгі қағидат – тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру. Үкімет жүйесіз бағдарламалар қабылдау тәжірибесін тоқтатып, тұрғын үй саясатын жетілдірудің бірыңғай моделін әзірлеуі қажет.

Баспана бағасын бақылауды тапсырды

Жалпы, елімізде бірыңғай баспана саясатын әзірлеу бастамасын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауалды бағдарламасында да ұсынған болатын.

– Негізгі қағидат – тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру. Үкімет жүйесіз бағдарламалар қабылдау тәжірибесін тоқтатып, тұрғын үй саясатын жетілдірудің бірыңғай моделін әзірлеуі қажет, – деп тапсырды.

Мемлекет басшысы тұрғын үй нарығында бағалардың өсуіне жол бермеу үшін нақты шараларды қабылдау қажет екендігін, мемлекеттік органдар тұрғындар мен құрылыс компаниялары басшыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нарықтағы алыпсатарлық операцияларға шектеу қою керектігін де тілге тиек етті.

Осы орайда, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «Бірыңғай тұрғын үй саясатын жүзеге асыру тапсырмасы аясында баспанаға қол жеткізудің сатылы жүйесі енгізіліп жатыр. Мұнда ең негізгі айқындаушы фактор халықтың табысы болады» деп мәлімдеді.

Мемлекеттік қолдау – мардымды

Елімізде 600 мыңнан астам адам үй кезегінде тұр. Тұрғындар санының көбеюіне байланысты, баспанаға деген қажеттілік те өсуде. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары болғанымен, екінің бірінің қолы жете бермейтіні анық. Дегенмен, «Отбасы банк» арқылы және «7-20-25» бағдарламасы төмен пайыздағы ипотекалық несиелерді рәсімдеуде.

Салып жатқан баспаналардың 90%-ға жуығында инвесторлардың қолтаңбасы бар. Демек, табысты және тиімді. Бұл баспаналар салымшылар есебінен тұрғызылады. Әрі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде саудалау салымшыға да, салушыға да ыңғайлы.

Кейінгі екі жылда Қарағандыда құрылыс қарқынды жүруде. Өткен жылдың статистикалық мәліметіне сүйенсек, құрылыс көлемінің артуы инвестициялық жобалар мен коммерциялық тұрғын үй құрылысы есебінен артқаны белгілі. Жалпы құрылыс көлемі жағынан республикада бесінші орында тұрмыз. Аймақта «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының шеңберінде 2022 жылы 597,2 мың шаршы метр тұрғын үй немесе 5,2 мың пәтер пайдалануға берілген. Оның 394 мың шаршы метрі – коммерциялық тұрғын үйге тиесілі. Яғни, 66%-ы жеке инвесторлардың еншісінде. Аймақтың құрылыс саласы бойынша инвестициялық тартымдылығы жағынан алғашқы бестікте болғаны көңіл қуантады. Алайда, орын алып жатқан олқылықтар да жоқ емес.

▶ 2-бет

● КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА

Мәслихат үшін халық сенімі маңызды

Өткен жылғы конституциялық реформа аясында мәслихатты жасақтау тәртібі өзгеріп, олардың өкілеттігі кеңейгенін білеміз. Бүгінде олар қарастыратын мәселелер ауқымы да кеңейіп, бақылаушы органға айналған. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та мәслихат өкілдеріне жеңіл популизмнің жетегінде кетпей, жергілікті тұрғындардың мүддесін қорғауды, күнделікті қажырлы жұмысқа көшуді, бұл ретте кәсібилік пен жауапкершілік танытуды айтты. Аталған кеңеске облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Қобжанов та қатысып, «Мәслихаттар – жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буыны» тақырыбында баяндама оқыды. Онда аймақтың жай-күйіне жауапты өкілдік органның атқарып отырған жұмысы, облыстағы жергілікті өзін-өзі басқару ахуалынан ақпарат берілді.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұркен Сайфиддинұлы алдымен өткен сайлаудың мәніне тоқталды. Себебі, азаматтар атқарушы биліктің кез келген шешіміне қатысып, оған ықпал ету мүмкіндігіне ие болды.

Одан бөлек, саяси жүйедегі оң өзгерістер облыстық мәслихаттарды партиялық тізіммен және бір мандатты округтер бойынша партиялық негізде қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бүгінде облыстық мәслихат құрамында алты саяси партияның өкілдері бар екеніне де тоқталды төраға.

– Мәслихаттардың жаңартылған үлгісі жасалды. Алты саяси партияның, атап айтқанда, AMANAT, «Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясы, «Байтақ» жасылдар партиясы, Қазақстан халық партиясы және Respublica партиясының өкілдері бар. Одан бөлек, облыстық мәслихат депутаттарының құрамына өзін-өзі ұсынған он сегіз депутат кіретінін де айту керек, – деді Нұркен Қобжанов.

Төрағаның айтуынша, мәслихат құрамының жартысынан көбі – қалың халықтың мүддесін білдіретін жаңа тұлғалар. Бұл өз кезегінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруда айрықша маңызды болмақ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнатудың маңызды екенін де дәл осы кеңесте қадап айтты. Демек, аталған істе мәслихаттың атқарар ролі маңызды болмақ.

Нұркен Қобжанов көтерген келесі мәселе – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі. Ол мәслихаттар барлық саяси реформалардың тікелей қатысушысы бола отырып, жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналып отырғандығын ерекше атады. Оны дамыту үшін облыста институционалдық және экономикалық негіздерін нығайтуға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылуда.

– Қазірдің өзінде ауыл әкімдерінің үштен-екісін облыс тұрғындары сайлады. Одан бөлек, жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері құрылып, тоқсан сайын әкімдердің халықпен кездесулері өтеді. Мысалы, биыл жаңа форматта осындай 345 кездесу өтті, – дейді Нұркен Сайфиддинұлы.

Кеңесте оқылған баяндамадан белгілі болғандай, қазір облыстың барлық ауылдық округтерінде жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті енгізіліп, оның салықтық әлеуеті нығайтылған. Сондай-ақ, меншікті қаржылық ресурстарға, мүліктік және басқа да ресурстық мүмкіндіктерге иелік ету және оларға билік ету мәселелері бойынша өкілеттіктері кеңейген.

«Мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыру саяси реформаның заңды жалғасы болады» деген төраға дербестікті және жергілікті жерлерде мәселелерді жедел шешу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыреті болуы тиіс деген пікірімен де бөлісті. Оның айтуынша, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сол аумақта күші бар құқықтық актілерді қабылдау бойынша өкілеттіктер беру мәселесі өзекті болып отыр.

– Мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өзара іс-қимылының белсенді алаңына айналады және жергілікті мәселелерді шешуде Сіздің алдымызға қойған стратегиялық міндеттеріңізге қол жеткізуге барынша қолдау көрсетеді, – деп аяқтады сөзін Нұркен Қобжанұлы.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың
II жартыжылдығына арналған
«Ortalyq Qazaqstan»
облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

Санаты	Мерзімі	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг	3111,00 тг

Қарағанды қ., Ермеков к., 33
8 қабат, 88 каб.
Анықтама телефондары:
Руслан – 8-775-482-22-02
Ботагөз – 8-778-846-00-01
Нұрсұлу – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Автобустағы кітапхана

Қарағандыда жылжымалы кітапхана пайда болды. Жолаушылар үшін 60 автобуста электронды кітап оқуға мүмкіндік жасалмақ. Бүгінгі таңда электронды кітапханамен 22 қоғамдық көлік жабдықталған.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жолаушылардың кітап оқуға деген құмарлығын арттыру, рухани кемелденуіне жол ашу, әрі бос уақытын тиімді пайдалану мақсатындағы жоба аймақта алғаш рет ұйымдастырылып отыр.

Бұл мүмкіндік қалалық әкімдіктің қолдауымен «Жол үстіндегі кітапхана» жобасы аясында жүзеге асуда. Тек электронды кітапты оқу үшін жолаушылардың смартфондары интернет желісіне қосылса болғаны. QR-кодты сканерлеу арқылы кітап оқу алты бағыттағы №№65, 5, 1, 70, 43, 118 экспресс автобустарында қолжетімді.

– Жылжымалы кітапхана көркем әдебиетті оқу үшін жабдықталған. Қазақ, орыс және шетел классикасынан тұратын үш бөлімді кітапты таңдау үшін жолаушы сілтеме бойынша өтуі керек. Шығармалардың ішінен М.Әуезовтің «Көксерек», А.Құнанбайұлының «Ескендір», А.Пушкиннің ертегілері,

Артур Конан Дойлдың «Жоғалған әлем» және басқа да кітаптарды таңдауға болады. Жобаға арақашықтығы ұзақ, жолаушылары көп маршруттар тартылды, – дейді қала әкімдігі.

Алдағы уақытта электронды кітапхана 13 бағыт бойынша – №№40, 53, 33, 146э, 56, 41, 19 автобустарында пайда болады. Кітапхананың цифрлық мұрағатында барлығы 41 туынды бар. Оның 21-і – қазақ классикалық, 14-і шетелдік және алтауы орыс классикалық шығарма бар.

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ұлы мейрам ұлықталды

Кеше Қарағанды облыстық «Әнет баба» мешітінде Ұлық мереке – Ораза айт жоғары деңгейде аталып өтті. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Қарағанды облысындағы өкіл имамы Естай Айтуғанұлының уағыз-насихатымен басталған ізгі шара айт намазын оқумен жалғасты. Жамағаттың көпшілігі соншалық ауланың өзіне сапқа тұрып, намазға ұйыды.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Естай Айтуғанұлы жамағатты шуақты мейраммен құттықтап, шарапатын, қадір-қасиетін айшықтап, жамағатты жақсылық жасауға, ұлтқа адал қызмет етуге шақырды. Намаз соңында халық ел мен жердің амандығын тілесіп, дұға жасады.

Айт намазынан соң мешіт ауласында тігілген киіз үйлерде 10 000-ға жуық жамағатқа тегін ыстық ас үлестірілді. Мерекелік дастарханнан дәм татқан ақсақалдар ақ батасын жаудырды. Жамағат мешіт ауласында ұлттық спорт түрлерінен ұйымдастырылған шараларға белсене қатысты. Топ-топқа бөлініп, арқан тартысты. Бұл жолы «Арай» ет базарының жігіттері жарады. Қолкүрестен Сұлтанбек Балтабеков барлығынан басым түсті. Көпшіліктің бәсін қыздырған бозкілемдегі тартыс болғанын атап айтқан жөн. Түйе балуандар бақ сынасты. Ақтық мәреге дейін алқынбай келген Ақжігіт Алтынбекұлына III орын бұйырды. Ақжігітті аса басымдықпен жеңген Мұхтар Дәлелханұлы II орын иеленді. Жүлдегер жігіттерге ақшалай сертификат берілді. Ал, бұл сайыста бабы келісіп, бағы жанған Ерсін Серікұлы жеңімпаз атанып, мерейі тасыды. Меккеге қажылыққа жолдама ұтып алды.

– Иә, бүгінгі ерекше мейрамда мейманам тасыды. Бала кезден қазақ күресімен шұғылданып келемін. Дегенмен, бүгін келгенін бәйгеге тігілген Меккеге жолдама алғым келгенін жасыра алмаймын. Алла өзі жар болып,

Меккеге жолдама бұйыртыпты. Ерекше тілеп едім. Белдескен жігіттердің де осал болмағанын айта кетейін. Мұны бақ деп бағалаймын. Ұйымдастырушыларға көп рақмет. Әр мереке де қазақтың ұлттық ойындары насихатталып отырса деген тілегім бар, – дейді түйе балуан.

Көпшілік қошқар көтерген жігіттерге қолпаштап, қолдау көрсетті. 32 жастағы Жандос есімді балуан 70 келілік қошқарды 900 мәрте көтерді. Өзі көтерген қошқарын сыйға алды. Мешіт алаңы түске дейін дүбірге бөленді.

– Қадірлі жерлестер, құрметті жамағат. Міне, Айт мейрамымызды абыроймен атап қамтылған отбасыларға тарту еттік. Мұнда барлық мешіт жамағатының үлесі бар. Ұлық мейрам қарсаңында ұлттық ойындарымызды насихаттауды да жолға қойдық. Рамазаннан Рамазанға, Айттан Айтқа аман-есен жетейік, ардақты ағайын, – деп разылығын білдірді облыстың бас имамы.

Иә, берекелі Рамазанның түйінделер тұсы – Айт мейрамы. Рамазан айын абыроймен атқарған исі мұсылманның асыға күтетін мерекесі – осы. Айт намазы облыстағы аудан-қалаларда да дәп осындай мазмұнда аталып өтті.

Айт мейрамы құтты болсын, қадірлі оқырман қауым!

Құрыш қалаға да газ келді

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламент Мәжілісінің бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде «Коммуналдық желілердің әбден тозуы салдарынан барлық өңірде дерлік қайта-қайта апат болып жатыр. Көптеген қалада жол, электр тарату желісі, газ құбыры секілді негізгі инфрақұрылымдардың тапшылығы қатты байқалады. Біз еліміздің инфрақұрылымдық қуатын қалыптастыруымыз қажет» деп айтқан болатын.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өйткені, өткен жылыту маусымында Петропавл мен Екібастұз қалаларының жылу-энергия орталықтарында болған апат бәрімізге белгілі. Облысымыздағы Қарағандыдан кейінгі ірі қала Теміртауда мұндай жағдай орын алмаса да, осы қыста қаланың көптеген аудандарының тұрғындары қалтырап шыққанын жасыруға болмайды. Мұндағы жылу-энергия орталығының да мен мамандары атқаруда. Олар кешегі күнге дейін 1-ші (572 үй) және 2-ші (1031 үй) іске қосу кешендері газ тарату желілерінің құрылысын бітіріп, 580 шарт беріліп (1, 2-ші іске қосу кешендеріндегі 1603 абонентке хабар беріліп), 490 үй түгелдей газбен қамтамасыз етілген.

Ал 3-ші іске қосу кешенінде (909 үй) құрылысшылар 26,5 километр қазылған жерге газ құбырларын төсеп, енді оның 300 метрі мен газ желілерін сынақтан өткізу ғана қалған.

күні бітіп, өкпесі өшкелі тұр. Сондықтан, Теміртауға газ құбырларын тарту ісі 2019 жылдан бастап қолға алынған еді. Қазір бұл игі шаруаның алғашқы нәтижелері көріне бастады. Былтырғы қазан айында 1-ші іске қосу кешеніне тиесілі газ тарату желілерінің құрылысы аяқталып, оның игілігін 490 үйдің тұрғындары алты ай қыс бойы көріп шықты.

– Теміртау қаласын газдандыру құрылысы үш кезекте жүзеге асырылып, барлығы 6357 үйді қамтиды,– дейді «Теміртау қаласының құрылыс бөлімі» ММ басшысының міндетін атқарушы Нұржас Маратұлы. – Осы үш кезек 8 іске қосу кешенінен тұрады, оған қаражат Ұлттық қордан бөлініп отырады.

Құрыш қаладағы бұл ауқымды жобаның қарқынды жүріп жатқанын өзіміз де көзбен көріп, көңілге түйдік. Бір жерлерде қазылған жыраларға газ құбырлары төселіп жатса, енді бір тұста дәнекерлеу жасалынып, газ сезгіш құрылғылар орнатылуда.

Жоспарлы жұмысты мердігер «Gaz Energy Constryction» ЖШС жұмысшылары

Біз айтқан бірінші кезектің 4-ші іске қосу кешенінің (1135 үй) жұмысшы құжаттарын даярлау үшін жобалау-зерттеу жұмыстары жасалуда. Бұл жоспар жүзеге асса, Теміртаудың Соцгородок деп аталатын аумағы мен Отрадное шағын ауданының халқы газбен тегіс қамтылатын көрінеді.

Нұржас Жәкітайдың айтуынша, 2-кезектің құрылысы биылғы 2023 жылдың сәуір айында басталып, конкурстық рәсімдердің қорытындысы бойынша оның мердігері болып «Әлия Сервис» ЖШС анықталған. Осы жұмыстарға Ұлттық қордан 2,5 миллиард теңге қаржы бөлініпті.

Соңғы құны 2 миллиард 14 миллион 745,7 мың теңге тұратын 3-кезектің құрылысы Ұлттық қордан қаражат бөлінуіне байланысты 2024-2025 жылдары іске асырылмақ екен.

Сөйтіп, бұл жоба жүзеге асқан күнде құрыш қала көгілдір отынмен толығымен қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

ТЕМІРТАУ

Алаң да, алаң, алаң жұрт

немесе заңсыздықтан зардап шегетін кім?

Бар мәселе – сараптама қорытындысының болмауында. Яғни, олар авторлық және техникалық қадағалаусыз құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатыр. Мониторинг барысында басқарма хабарлау тәртібі бұзылған 13 тұрғын үй кешенін анықтады.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заңсыз құрылыстың себебі мен салдары

Бүгінде заңсыз баспанадан зәрезап болған салымшылар саны көп. Басты себеп – құрылыс компаниясының құқық бұзушылығы. Тұрғын үй құрылысын жоспарлағанымен, жобаның құжаттамалық сараптамадан оң қорытындысын алмай, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына құрылыс монтаждау жұмыстарының басталуы жөнінде хабарламай, жұмысты бастап кетеді. Барлық пәле осы жерден басталады. Салдарынан салымшылар сан соғып, әуре-сарсаңға түседі. Облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы Қарағанды қаласында биыл заңсыз салынған оннан астам жаңа көпқабатты тұрғын үй кешенін анықтады. Оның бірқатарының құрылысы сот шешімімен тоқталды. Бүгінде 67 нысан – басқарма бақылауында. 34 нысанның барлық рұқсат беру құжаттары бар.

– Бар мәселе – сараптама қорытындысының болмауында. Яғни, олар авторлық және техникалық қадағалаусыз құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатыр. Мониторинг барысында басқарма хабарлау тәртібі бұзылған 13 тұрғын үй кешенін анықтады. Заң бойынша, әрбір құрылыс салушы бізге құрылыстың басталғаны туралы хабарлауы керек. Бұл онлайн режимінде, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асады. Рұқсат құжаттарынсыз құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізгені үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 314-бабы 1-бөлігі, 321 және 463 баптарының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Атап айтқанда, «T-K Building» ЖШС-нің «Al-Farabi» тұрғын үй кешені, «КапиталСтрой-XXI» ЖШС-нің «Манхэттен», «TT INVEST-2022» ЖШС-нің «Хан», «Leaderstroy KRG» ЖШС-нің «Томирис», «Baspana» ЖШС, «Revival alliance» ЖШС-нің, Ержанов көшесі, 63/2, Есенбаев С. А «5-эт МЖД», «RGB GROUP» ЖШС-нің «Central Park», «Satti Lux Stroy» ЖШС-нің «Нұра», «Sadu Group» ЖШС-нің «Молодежка», «ККК Бетон» ЖШС-нің «Бақытты отбасы», «ТалапСтройГрупп» ЖШС-нің «Аружан», Тілеубеков С.Т «Kungey Village» тұрғын үй кешендерінің сот шешімімен құрылыс-монтаж жұмыстары тоқтатылды, – дейді облыстық мемлекеттік сәулетқұрылыс бақылау басқармасының бас маманы, мемлекеттік құрылыс инспекторы Гүлбахрам Мұқашева.

Рұқсаттан бұрын қаншама қағаз жинау керек. Оның бәрін жинағанша, кем дегенде бір жыл өтеді. Үйдің салу мерзімі бір жыл болса, екі жыл қағазын жинайсыз. Құрылыс жұмысына банктен кредит аласың, банк күтіп тұрмайды. Үйді тез салып несиені қайтару керек. Екі жыл қағаз сүйреп жүргенше деп, құрылысты ерте бастап кетеді.

Бұл құрылыс заңдылығының орындалу деңгейінің артқандығын көрсетіп отыр. Әуелі салып алайын, сонан кейін ретін тауып заңдастырып аламын деуге жол жоқ. Заңға қайшы келдің бе, жауапкершіліктен құтылмайсың. Істі бастамас бұрын оның заңдылығын қамдап алуды талап етеді.

– Алдымен құрылыс жүргізетін жер аукцион арқылы сатылады. Бұдан әрі құрылыс салушы жылжымайтын мүлік нысанын салуға бірқатар рұқсат беру құжаттарын, атап айтқанда сәулет-жоспарлау тапсырмасын, «Қарағанды қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» арқылы эскиздік жоба келісімін алғаннан кейін республикалық сараптамадан өтеді. Егер барлық талаптар сақталса, аталмыш басқарма құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуына талон береді. Жер учаскесінде құрылыс аяқталғаннан кейін құрылыс салушы нысанды пайдалануға қабылдау актісін ресімдейді және халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы тіркеуге тапсырады. Содан кейін барып, қалалық сәулет және қала құрылыс бөлімі облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасымен бірлесіп, салыстырып тексеруді жүргізеді. Егер заң бұзушылықтар анықталмаса, нысанды пайдалануға қабылдау актісін есепке алуды жүргізеді, – деп нақтылады Қарағанды қалалық сәулет және қала құрылыс бөлімі мамандары.

Жауапты мемлекеттік органдар жұмыс жүргізгенімен, шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий енгізілгендіктен, бірқатар мәселелерге қол байлау болғандай. Сайып келгенде, бұдан зардап шегетін – үлескерлер.

Алданғандар алаңдап жүр

Бейресми деректерге сүйенетін болса, еліміз бойынша заңсыз құрылыс нысандарынан зардап шегіп жүргендер саны 1 млннан астам. Бір Қарағанды қаласының өзінде 400-ге жуық. Ақшаны салып қойған, не біткен баспана, не қайтарылған қаражат жоқ.

– Алғаш іргетасы көтерілген уақытта бағасы да арзан болды. Әрі құрылыс компаниясының кеңсесіне барып, жан-жақты таныстым. Осыған дейін құрылыс жүргізіп жүрген іргелі компанияның бірі екен. Баспананың салынып жатқан жері де көңілге қона кетті. Шаршы метрі 270 мың теңгеден болғандықтан, 30 пайызын қолма-қол салып, құрылыс аяқталғанға дейін өздері бекітіп берген максимальді соманы салып отырдым. Желідегі құрылысы тоқтаған құрылыс компаниялар тізімінен өзімнің ақша салған тұрғын үй кешенін көрдім. Төртінші этажға келгенде құрылыс жұмысы тоқтатылды. Мен секілді 80 үлескер алаңдап қалдық. Құрылыс компаниясының кеңсесіне барып, мән-жайды білгенімде олар «құрылыс жұмыстары толықтай аяқталып, үлескерлерге беріледі. Әзірге сот процесін күтіп отырмыз. Оң шешім болады» дегендей жұбатып шығарып салды. Күткеннен басқа амал жоқ. Бірақ, менің бір түсінбейтінім құрылыс басталғанда неге бұл тексеріс жүргізілмеген? «Екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өледінің» кері келіп отыр, – дейді аты жөні мен тұрғын үй кешенін атамауымызды өтінген үлескер.

Тура осындай, «ауада» тұрған үйдің бірі – Қаркаралы қаласында. Пайдалануға берілгеніне сегіз жыл болса да Тоқтар Әубәкіров көшесі 135 Б үйдің тұрғындары әлі күнге ешқандай құжат ала алмай отыр.

– «Отбасы банкі» АҚ арқылы жас отбасыларға арнап салынған ипотекалық тұрғын үй болған еді. Алғашқы жарнасын салып, кілтті қолға алдық. Бірақ үйіміздің ешқандай құжаты жоқ. Жауапты аудандық мекемелерге бардық, БАҚ арқылы да жағдайымызды айтып, көмек сұрадық. Әлі күнге дейін нәтиже жоқ, – дейді Аяжан Ғосманиян есімді тұрғын.

Бір таңқаларлығы тұрғындар коммуналдық төлемді төлеп отыр.

Қағазбастылықтан арылу керек

– Құрылысқа рұқсат беретін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы. Рұқсаттан бұрын қаншама қағаз жинау керек. Оның бәрін жинағанша, кем дегенде бір жыл өтеді. Үйдің салу мерзімі бір жыл болса, екі жыл қағазын жинайсыз. Құрылыс жұмысына банктен кредит аласың, банк күтіп тұрмайды. Үйді тез салып несиені қайтару керек. Екі жыл қағаз тасып жүргенше деп, құрылысты ерте бастап кетеді. Бұл мәселенің алдын алу үшін қағаз жинаудың мерзімін қысқарту керек. Су, жылу, электр энергиясы, жобалаушыларға жеке-жеке барғаннан гөрі, барлық рұқсаттама құжаттарын бір жерден алған дұрыс. Жүгіріс көп. Бәрін бір жерден дайындап беретін мемлекеттік орган болуы керек.

Заңсыз деп айта берсек, Қарағандыдағы кез келген құрылысты жабу керек. Бәрінен де кемшілік табылады. Бірақ, заң бойынша жұмыс істеу керек дегенмен, құрылыс саласында бәрін 100% орындауға мүмкіндік болмайды. Қазіргі уақытта құрылыс салушылар біздің Ассоциацияға келіп жатыр. Олардың мүддесін қорғауға дайынбыз. Басты ескеретін жағдай, құрылыс салушылар мен жауапты мемлекеттік мекемелер арасында өзара келісім болғаны дұрыс-ақ, – дейді облыстық құрылысшылар Ассоциациясының төрағасы Төлеген Әшімов.

Биыл...

Қала халқының саны күннен күнге өсіп келеді. Жан-жақтан бой көтерген тұрғын үй кешендері көңілге қуаныш ұялатады. Қазіргі таңда жеке құрылыс компаниялары есебінен 70 көппәтерлі тұрғын үй салынуда. Биылғы жылы 608,0 мың шаршы метр тұрғын үйді іске қосу жоспарланып отыр. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 1,8%-ға өскен. Сонымен қатар, «Қуатты өңірлер – елді дамуының драйвері» ұлттық жобасының міндеттерін іске асыруда жалға берілетін тұрғын үй құрылысына 1,7 млрд. теңге қаражат көзделген.

Шамшырақ

Білім саласына арналған қосымша

● МӘСЕЛЕ

Аттестаттау жайлы айтар сөз

«Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданғалы бері мұғалімдердің қоғамдағы орны айшықтала түсті. Дегенмен, оларға қойылатын талап та күшейді. Аттестаттау кезінде көп мұғалім тестілеуден өте алмай қалып жатыр. Мұны Президент Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында айтқан болатын. «Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатаң ереже болмауы керек. Бірақ негізі, ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Педагогтерді аттестаттау бойынша тестілеу науқаны аяқталып та қалды. Тестілеуден өткендер де, өтпегендер де бар. Ал, биыл шекті балл жинай алмаған педагогтерге қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі. Біз осы орайда аймақтағы тест тапсырып жатқан педагогтердің ой-пікірін білген едік.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысының сөзінен кейін Оқу-ағарту министрлігі педагогтерді аттестаттау ережелеріне өзгеріс енгізгенін хабарлады. Атап айтқанда, «Пәндік білім» блогы бойынша тест тапсырмаларының саны 70-тен 30 тест тапсырмасына дейін, «Оқыту әдістемесі» блогы бойынша 30-дан 20 тест тапсырмасына дейін қысқартылды. Бірнеше дұрыс жауап таңдайтын тест тапсырмалары алынып тасталған. Оған қоса, 30 және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар және жаңа аттестаттау жүйесі бойынша санаты бар педагогтер біліктілік санатын растаған жағдайда тестілеуден босатылып, аттестаттаудың екінші кезеңінен ғана өтеді, яғни портфолио тапсырады. Ал, егер көп жыл еңбек өтілі бар мұндай мұғалімдер біліктілік санатын жоғарылатқысы келсе, аттестаттаудан жалпы негізде өтеді.

Елімізде 3-22 сәуір аралығында педагогтерді аттестаттау бойынша тестілеу өткізілді. Тестілеуде өз пәнінен емес, педагогикадан балл жетпей қалды деп жүргендер көп. Мәселен, Айгүл есімді мұғалім әлеуметтік желіде былай деп жазыпты:

«Екінші мүмкіндігімді пайдаланып тапсырып едім, педагогикадан тағы 1 балл жетпеді. Қатты қиналдым. «Педагог-зерттеуші» санатымды қорғаймын деп жүріп бір саты төмен түсіппін. Мына өзгерістер ұстаздарға тиімсіз. Шекті балды тағы да азайтуыңызды сұраймыз» депті.

Ал, Қарағанды қаласындағы мектептердің біріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлім Айдынбекова (аты-жөні өзгертілді) «педагогтің дайындығы мығым болса ғана, тестілеуден өтеді, тек дайындалу тетігін таба білу керек» дейді. Ол өзі де аттестаттаудан мұқият дайындықпен өтіпті. Дегенмен, білікті де тәжірибелі мұғалімнің тестілеуге қатысты айтар ұсыныстары да бар:

– Мұғалімдерге биылғы аттестацияда өзгерістер болатындығы алдын ала хабарланды, яғни сұрақтар санының, шекті балдың азайғандығы туралы бұйрық жарияланды. Қазіргі уақытқа дейін әр мұғалім өз пәні мен педагогикадан тест тапсырып келсе, енді педагогика емес, оқыту әдістемесінен де сұрақтар болатынын мұғалімдер білді. Олардың көбісі оқыту әдістемесінен қалай дайындалу керек, қандай ғылыми еңбектерді пайдалану керек екенін білмей дағдарып қалды. Тіпті, небір орталықтардың ақылы дайындық курстарына қатысып, сан соғып қалғандары да бар. Тест құрастырушылар ойдан жаңалық ашпайды, белгілі ғылыми еңбектерге сүйеніп жасайды, сол сияқты ұстаздарға да сол еңбектер алдын ала ұсынылса жақсы болар еді. Керісінше, мұғалімдердің білімі жетіле түспей ме? – деді мұғалім.

Сонымен қатар, «педагогтерге талап жоғары болғанымен, сұрақтарды жаңылтпаш секілді құраудың аса қажеті жоқ» дейді ол. Белгілі ақпараттан термин шығарудың да қажеті жоқ екенін айтты.

«Көп әріптестер МАН-мен (мұғалімдерге арналған нұсқаулықпен) дайындалды. Оқыған сайын санаңда жаңғыра береді. Осы тесттен өту барысында мұғалімдердің бірін-бірі қолдауы мықты болды», – дейді Гүлім Жағыпарқызы.

Тестілеуден өтпеген мұғалімдердің санын дәл айту мүмкін емес. Себебі, осыған дейін білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова тестілеуден өте алмаған мұғалімдерге қайта тапсыруға мүмкіндік берілетінін хабарлаған болатын. Олар 6-19 шілде аралығында тестілеуден қайта өте алады. Ал, аттестаттау комиссияларының қорытындысы биыл 15 тамызда шығады.

Бір нәрсе анық: Мұғалімнің біліктілігін арттыру, тексеру білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Сол себепті бұл талап орынды. Ал осы талапты жүзеге асыратын аттестаттау жүйесі тест құраушылар мен мұғалімдердің арасында сауатты диалог орнағанда, кәсіби талдау мен пікір-талас жүргенде жетіле түседі.

● МҰҒАЛІМ МІНБЕРІ

Газет – тасқа басылған тарих

Жуырда Шымкент қалалық білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиева әлеуметтік желі арқылы ұстаздар қауымын газет-журналдарға жазылуға шақырғаны белгілі. Бұл туралы ел газеті «Egemen Qazaqstan» басылымы жарқырата жазып, Жанат Тәжиеваның бастамасына қолдау білдірді. Шыны керек, «Педагог мәртебесі туралы» Заң шыққалы бері педагогтер газетке жазылуды қойды. Телефонға телмірген заманда қалалық басқарма басшысының ұрпақ тәрбиелейтін ұстазды газет оқуға шақыруы елді елең еткізгендей. Елең еткізерліктей болатыны сол – газетті қажет деп таппайтын басшылар мен мұғалімдерге үлгі боларлықтай ой айтты. Мен ұстаздық дейтін ұлы қызметке келгелі 33 жылдан бері аудандық, облыстық, республикалық газеттерге үзбей жазылып келемін. Соның ішінде облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің орны бөлек. Аймақтың тыныс-тіршілігінен хабардар болып, сын, сараптамаларды, шығармаларды оқимыз, тың деректерді кезіктіреміз.

Тек мен ғана емес, Бұқар жырау ауданы Мәнжі батыр атындағы Қаражар ЖББ мектебінің мұғалімдерінің баршасы жыл сайын «Орталық Қазақстан» газетіне өз еркімен жазылып, оқиды. Ұстаздықтың миссиясы – адам тәрбиелеу болса, газеттің миссиясы – ұлтты тәрбиелеу екені белгілі. Біз осыны қашанда негізге аламыз. Сол себепті Қарағанды аймағының тыныс-тіршілігінен хабардар болып, білім саласындағы өзгерістер мен тың деректерді біліп отыру – біздің мақсат-міндетіміз. Облыстық газеттің ішінен шығатын «Шамшырақ» атты мұғалімдерге арналған қосымша газетте мектеп мұғалімдерінің жазған мақалалары жарық көріп тұрады. Ал, газетке жазып қана қоймай, оны оқыған адамның білімі де толысады.

Газет – қоғам айнасы. Десек те, қазір газеттің оқырманы азайып кеткені рас. Оған себеп те табылады. Біріншіден, жұмысбастылық, екіншіден күнделікті қолданатын ұялы телефон мен гаджеттер. Кез келген адам қазір ақпаратты тез ала алады. Бірақ, оның дұрыс-бұрысын тексеріп жатпайды, әрі бүгін бар, ертең жоқ ақпарлар. Ал газет – тасқа басылған тарих. Ондағы құнды деректер дәуірден дәуірге жетеді, сарғайған газет беттерінде қатталып, сақталып тұрады.

Сауатты ұрпақ тәрбиелейтін мұғалімнің газет оқымауы әрине ұлттық құндылығымызды жоғалтуға, жас ұрпақтың сауатсыздығына әкеп соғады.

Сондықтан, газеттің құндылығы қай уақытта да жоғалған емес. Тіпті, ол қоғамның әр саласын қамтыса, сонша саланың қызметкерлері газеттің оқырманы болуы тиіс. Ал мен осы орайда педагог әріптестерімді «Орталық Қазақстан» газетіне жазылуға шақырамын.

Манарбек БАЗЫЛОВ,
Мәнжі батыр атындағы Қаражар ЖББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Бұқар жырау ауданы

● ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗЕР

Нұрайдың нұрлы әлемі

Ауылдан шығып, шығармашылықтың шыңына жеткен таланттар көп. Нұра ауданында болашағынан көп үміт күтетін Нұрай есімді сондай талантты оқушы бар. Оның қылқаламынан туған көркем туындылар түрлі байқауларда лайықты бағаланып жүр.

Нұрай Нұра ауданы, Жанбөбек ауылы Қарақойын жалпы білім беретін мектебінде 10-сынып оқиды. 2023 жылы 17 наурызда «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған республикалық «Әбіш оқулары» байқауының аудандық кезеңінде II орын алды. Нұрай ол байқауға «Иллюстрациялық суреттер» бағыты бойынша қатысты. Ә.Кекілбаевтың «Күй», «Тасбақаның шөбі», «Галстук сатушы қыз туралы хикаят» атты еңбектерімен танысып, А3 пішіндегі қағазға акварель, гуашь кескіндемелерін және қылқалам, түрлі-түсті қарындаштар және басқа да графика түрлерін қолданып, сурет салды. Нәтижесінде жүлделі орынға ие болды.

«Өнерлінің қолы – алтын» демекші, мектеп мақтанышына айналған Нұрайдың сурет салуға ынтасы 2-3 жасынан қабырғаны шимайлап сызудан басталса керек. Бойындағы талантын байқаған ата-анасы оның сурет салуына барлық жағдай жасап, қолдау білдірген. Мектепішілік, аудандық, республикалық деңгейде өткен байқаулардың жеңімпазы болған Нұрай болашақта шығармашылығын одан әрі жалғастырып, дизайнер мамандығы бойынша оқуға түсуді армандайды.

Әбіш Кекілбаев «Талант – арманға табынады» деп бекер айтпаған. Мектебіміздің мақтанышына айналған талантты оқушының шабыты шарықтап, қылқаламынан құнды туындылар құйыла берсін демекпіз.

Айзат ДҮЙСЕМБЕКОВА,
Қарақойын жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Нұра ауданы

● ТЫРНАҚАЛДЫ

«Мейірімді ғажап жан өзің ана»

Мейірімді ғажап жан өзің ана,
Құдіретті, аяулы сөзің дана.
Ұрпағыңның бойына ұлылықтың
Нәрін беріп, дән еккен өзің ғана.

Әр перзент қарыздар ғой анасына,
Құрметтеуді құйса екен санасына.
Анасынан сезінген махаббатты,
Ертең-ақ көрсетеді баласына.

Баласына бол дейтін жүйрік қана
Анамыз лайық гүлге, сыйлыққа да.
Өзінен де баласын артық көрген,
Анаға тағзым етем иіліп қана.

Әлихан ЕЛШІБЕКОВ,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназияның 5-сынып оқушысы

● ӨЗЕКТІ

Ақпараттық сауат әліппесі

Мұғалімдер балалардың ақпараттық сауаты күрт артқанын айтуда. Бұрын бала үшін мектеп пен мұғалім – «Әлем», «Адам», «Қоғам», «Табиғат» туралы ақпарат алудың негізгі көзі болған. Бүгінгі таңда БАҚ, ғаламтор, әлеуметтік желілер – бала санасында әлем бейнесін қалыптастыратын маңызды ақпарат көзі болып отыр. Қазіргі балалардың бір артықшылығы – таным көкжиегі кең, эрудициясы жоғары. Мұғалімдердің пікірінше, оқытудың бірінші кезеңінде білім беру жүйесі жаңа мүмкіндіктерді, яғни ақпаратпен жұмыс істеуді үйрететін заманауи білім беру технологияларын, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ғаламтордың ақпараттық әлеуетін және әртүрлі қашықтықтан оқыту нысандарын толық пайдалануы керек.

Біздің уақыт ақпарат ағынының көлемі мен жылдамдығының күрт артуымен сипатталады, бұл білім беруге елеулі өзгеріс енгізуде. Ол сөзсіз мұғалімнің қызметіне, балалармен қарым-қатынасына әсер етеді. Әрбір адам қалауы бойынша түрлі баспа өнімдерін, аудио және бейне ақпараттарды, компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана алады. Бастауыш сынып оқушылары өркениеттің осы артықшылықтарын өзінің қоршаған ортасы, ең алдымен, отбасы рұқсат ететін мөлшерде тұтынады.

Балалар оқиды, музыка тыңдайды, телебағдарламаларды көреді, компьютерді бос уақыт пен танымдық іс-шараларға көбірек қолданады. Оқушылардың бұқаралық ақпарат құралдарын және заманауи баспа өнімдерін пайдаланғанын ересектер әрдайым бақылай алмайды.

Қазақстандық білім берудегі инновациялық үрдістер жаһандық білім беру тенденцияларына сәйкес жүргізіледі деп айтуға болады. Бұл – білім беру іс-әрекетінің адамның жаңа ақпарат алу тәсілдерін белсенді игеруіне бағытталуы, тұлғаның танымдық сұранысы мен қажеттілігін үнемі ынталандыруға қатысты дүние. Постиндустриалды қоғамның балалары алдыңғы буынға қарағанда ақпараттық еркіндікке ие екенін есте ұстаған жөн.

Сонымен қатар, 6-10 жастағы балалардың ақпаратты қабылдау қабілеті өте зор, бірақ оларда ақпаратты сыни қабылдау, оны талдау және құрылымдау мүмкіндігі жоқ. Бұл өскелең ұрпақ арасында ақпараттық базаларды, жеке деректерді ұрлау, желідегі «троллинг» сияқты салдарға әкеледі. Мұндай жағдайда балалар мен жасөспірімдер болып жатқан күрделі құбылыстарды компьютерлік ойын ретінде қабылдайды және оның салдарын түсіне бермейді.

Менің ойымша, баланы ақпараттық қоғамға дайындау кезінде мына мәселелерді ескеру қажет: оқушы қажетті ақпаратты қайдан және қалай табуға болатынын нақтылау, ақпараттық әлемде «не жақсы, не жаман» деген түсінікті қалыптастыру, сондай-ақ, ақпаратпен жұмыс істеудің ұтымды тәсілдерін оқыту (яғни, оқушылардың оқу жүктемесін азайтудың жолын көреміз) қажет.

Ал, бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру үшін заманауи білім беру технологияларын қолдану керек.

Осылайша, балалардың ақпараттық мәдениетін дамыту жолы мектептегі танымдық ынтымақтастықта өрбиді.

Гүлжамал ЖАЛМҰРЗАЕВА,
№9 лицейдің бастауыш сынып мұғалімі

ТЕМІРТАУ

● ЕҢБЕККЕ БАУЛУ

Үйдің дәмін ұсынатын үйірме

Тәттіні жақсы көрмейтін бала бар ма? Қарағанды қаласындағы Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығында өзгеше дәстүр сақталған. Балалар үйіндегі көп үйірмелердің бірі «Ас – адамның арқауы» атты үйірмесі. Тәрбиеленушілерді кәсіби бағдарға бағыттау мақсатында «Болашаққа бағдар» атты жоба жұмыс жасайды. Жоба аясында балалар үйі Қарағанды сервис және тамақтану колледжімен байланыс орнатқан. Колледж студенттері арнайы келіп, шеберлік сағаттарын өткізеді.

2021 жылдың қазан айында Балалар үйінде «Аяла» қорының демеушілігімен «Аспаз» және қонақ күту бөлмелері ашылған болатын. Бөлмеде барлық жағдай жасалған. Тағамның түр-түрін жасауға барлық құрал-жабдықтар табылады. Аспаз бөлмесінің балалар үшін көмегі тіптен зор. Тәрбиеленушілердің болашақ кәсіби бағдары, яғни аспаз мамандығына тікелей жол, әрі қазіргі заманның талабына сай қосымша табыс табудың көзі ретінде қарастыруға болады. Аспаз әр кез сұранысқа ие және тұрақты табыс табуға мүмкіндік беретін мамандық.

Сонымен қатар жақсы аспаз болу үшін ұқыпты, зейінді, жинақы болу керек, есте сақтау қабілеті де жақсы болуы шарт. Осы бағдар жөнінде әңгіме жұмыстары жүргізіліп, шеберлік сағаттар өткізіліп отырады. Біздің Қарағанды сервис және тамақтану колледжімен біріккен жұмыс жоспарымыз бар. Колледж студенттері тәрбиеленушілермен түрлі іс-шаралар өткізеді: ыдысты дұрыс қолдану, салфетканы әшекейлеп қою және тамақ түрлерінен шеберлік сағатын өткізеді.

Демалыс күндері балалар тәрбиешінің бақылауымен аспаз бөлмесінде түрлі тағамдар дайындайды. Ұннан жасалатын тағамдар, тәтті пирогтар, торттың түр-түрі, бәліш, бауырсақ, бутерброд, құймақ түрлері, шелпек және көкөніс түрлерінен жасалатын түрлі салаттар, сонымен қатар, еттен жасалатын ыстық тағам түрлерін әзірлейді. Балалар асқан қызығушылықпен тағам әзірлеуге көмектеседі. Демалыс күндері жақындағанда, интернет желісі арқылы түрлі рецептерді қарап, соның ішінен таңдағанын әзірлейді.

Туған күндерде осы арнайы бөлмеде тағамдарды дайындап, қонақ бөлмесінде өткізеді. Балалар өздері дастарқан жайып, ыдыстарды қойып, ас үй құралдарын реттейді. Осы тұста колледж студенттері берген сабақтар тәрбиеленушілердің керегіне жарайды. Осындай игі істер – тәрбиеленушілер келешегі үшін аса қажет дағды деп білеміз.

Жұпар ЖҰМАҒАЗИНА,
Озипа САМЕНБАЕВА,
Меруерт АШЫҚБАЕВА,
ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығының тәрбиешілері

● МӘРТЕБЕ

Ұлағатты ұстаз – мектеп мерейі

Елімізде жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде көп жыл бойы еңбек етіп келе жатқан зерделі де білікті ұстаздар көп. Солардың бірі – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы мен «Білім және Ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Светлана Ахметова. Бастауыш сынып мұғалімі болып 35 жылдан астам уақыт қызмет етіп келе жатқан ұстаз осы кезге дейін қаншама шәкіртті орта топқа ұшырды.

Светлана Жұмашқызы – Шет ауданы, Нұраталды ауылында дүниеге келген. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің бастауыш сынып мұғалімі мамандығын бітірген. Аудандық мектептерде еңбек жолын бастап, тәжірибе жинақтады. Еңбекқор ұстаздың көптеген шәкірті әр деңгейде өтетін байқаулар мен сайыстардың жеңімпазы. Жыл сайын республикалық басылымдарда іс-тәжірибесі туралы мақалалары жарық көруде. Ұстаз аудандық, облыстық семинарлар мен тамыз мәслихатында үнемі баяндама жасап, өз тәжірибесінен ой бөліседі.

Қарағанды облысы әкімінің байқауында «Ауылдың үздік мұғалімі» номинациясының иегері атанып, жүлделі орынды жеңіп алған болатын. Светлана Жұмашқызы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі еңбегі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, аудандық оқу бөлімінің, облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды. «Білім және Ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» медалі берілді. Светлана Ахметова оқушымен бірлесе іс-әрекет ұйымдастыра отырып, оның шешу жолдарын жан-жақты іздестіре біледі. Өзінің сыныбымен оқу үдерісінің сапасын арттыруға, жеке тұлғаның дамуына үлес қосып, шығармашылықпен еңбек етіп келе жатқан ізденімпаз ұстаз. Бүгінде ұстаз оқытқан қаншама түлек түрлі маман иесі атанып, қоғамның әр саласында еңбек етіп жүр. Әр шәкірті мен ата-ананың шексіз құрметіне бөленіп жүрген Светлана Ахметованың 35 жылда жинаған іс-тәжірибесі, білімі кейінгі ұрпақтарға шежіре іспеттес.

Назира АХМЕТОВА,
Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Шет ауданы

● ТӘЖІРИБЕ

Тәрбиемен ұштасқан білім

Жаһандық даму технократтық тұлғалардың көбеюіне ықпал етіп жатқандықтан, рухани толысқан тұлғалар қалыптастыру білім берудің маңызды міндетіне айналуды. Мектеп қоғамдастық құндылықтары мен қағидаттарына негізделген мәдениет пен дүниетанымды қалыптастыратыны анық.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде мына мақсаттарды негізге алдым: патриот азамат тәрбиелеу; жалпыадамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарас пен ұстаным қалыптастыру; ҚР азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениетті негізге алу; оқушыларды табысты іс-әрекетте бағыттау, олардың шығармашылығы мен білімқұмарлығын дамыту, қолдау. Осы мақсат аясында әзірленген оқу тапсырмаларын қарастырып көрейік.

«Құрмет және Сүйіспеншілік» құндылықтарына бағытталған оқу тапсырмалары

Қазақ тілі. 7-сынып. Тақырып: Сүйіспеншілік – жаны ашу, аяушылық.

Оқу мақсаты: 7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру.

Жазылымалды тапсырма: Өзіңіз оқитын мектеп «Құрмет көрсету» айында түрлі шаралар ұйымдастырып жатыр. Сізге осы айлықта сұхбат, нұсқаулық, эссе жазу жұмысы ұсынылды. Жұмысыңызға шолу жасап көріңіз.

Жазылым тапсырмасы: Берілген жазба жұмыстарының құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрыңыз.

1-топ. «Үлкенге қалай құрмет көрсетуге болады?» деген тақырыпта төменгі сынып оқушыларынан алатын сұхбат мәтінінің үлгі-жоспарын жазыңыз.

2-топ. «Өзгеге жасаған ізетің, өзіңе жасаған құрметің» деген тақырыптағы нұсқаулық мәтінінің жоспарын жазыңыз.

3-топ. «Құрмет етсең, құрмет көрерсің» тақырыбында жазатын эссе жұмысының жоспарын ұсыныңыз.

Қорытындылай келе, құндылықтар негізінде білім беру пәндік сабақтарға жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіруге, сабақтың сапасын арттыруға көмектеседі. Құндылықтар негізінде білім беру мұғалімдерге жаңа ғасыр ұрпағының ерекшеліктерімен танысуға және олармен өзара берік қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Білім мен тәрбие құстың қос қанатындай, қатар алып ұшса ғана биікке самғайды. «Оқытудағы мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру» деп Міржақып Дулатұлы айтқандай, білімді тәрбиемен ұштастыру, өскелең ұрпақтың қызығушылығын ескере отырып, адами құндылықтардың салмағын сақтап қалу – мұғалімге жүктелетін басты міндет.

Гүлзира ӘКІМБЕКОВА,
Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының

● «ЖАС ЖҮРЕК ЖАЙЫП САУСАҒЫН»

Ата жолын жалғаған

Арайлым Тұңғышбаева – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің I курс студенті. Ол – болашақ халықаралық қатынастар маманы, университет пікірсайысшысы. Мектеп қабырғасынан-ақ қоғамдық жұмысқа белсене атсалысып келеді. AMANAT партиясы жанындағы «Жастар рухы» ұйымының белсенді мүшесі және волонтер. Оның көптен бергі зерттеп жүрген тақырыбы – Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен қызметі. Бұл бағытта ол бірнеше жобамен айналысып, ұлт көсемін ұлықтап жүр.

Арайлымның бұл тақырыпты қаузап, зерттеп жүргеніне біраз жыл болды. Оған белгілі әлихантанушы, атасы Тұңғышбай Мұқановтың ықпалы зор. Өйткені бала күнінде үйіне еліміздің мемлекет және қоғам қайраткері Ерлан Қарин арнайы келіп, атасымен Бөкейханов туралы әңгімелескені, оларға еріп Әлекеңнің ата жұрты Талдыбейітке барғаны әлі есінде. Сол сапарда естіп, көріп, ойға түйгені кейінгі зерттеулеріне түрткі болғаны анық.

Мәселен, жас әлихантанушының дерегі бойынша ұлт көшбасшысы сонау Бразилиядан ағаш көшеттерін алдырып, Талдыбейіт елді мекеніне еккен көрінеді. Қазір сол ағаштар жайқалып өсіп тұр екен. Беріктігі мен қасиетінен болса керек, ағашты шаппақ болған адамның өзі жарақат алып қалатын көрінеді. Арайлым Әлихан бабамыздың өнегелі өмірін насихаттап, бейнетаспалар түсіріп, зерттеу ісін жалғастыруда.

Еркеназ ХАНАТБАЙ,
С.Асфендияров атындағы ЖББ мектептің 11-сынып оқушысы

ШАХТИНСК

● МҰҒАЛІМ ШЕБЕРХАНАСЫ

Менің ұғымымдағы «ұтымды сабақ»

Жақсы мұғалім – ізденімпаз. Ол сабағын тиімді өткізудің амалын іздеп, оқушыны жалықтырып алмас үшін қызықты өткізуге барын салады. Тіпті, әр сабағын ашық сабақ секілді өткізетін мұғалімдер де бар. Сіздің ойыңызша, сабақ несімен ұтымды болады? Ой жүгіртіп көрелік. Ал, Сіз тәжірибеңіздегі әрекетпен салыстырып, алмастырып, салғастырып көріңіз...

«Ұтымды сабақ» дегенде көз алдыма ұстаз бейнесі мен мінсіз сабақ көрінісі шыға келеді. Қандай сабақ болмасын, үлкен мақсатты көздейтіні анық. Менің ойымша, сабақтың басты мақсаты оқу бағдарламасында берілетін стандартты мақсаттан да терең, мазмұнды, келелі болу керек. Сондықтан мен білетін ең салмақты мақсат – баланың жан дүниесін түсіну, әр баланы сөйлету, намысы мен жігері мұқалмайтын, ар іліміне жүгіне алатын қайтпас қайсар етіп тәрбиелеу. Ол үшін баланың басқаға ұқсамайтын ерекше қасиетін аша білу керек. Оқушының жан-дүниесін баурап алатын ұстазды – нағыз ұстаз дер едім.

Балаларыңызды таңқалдыру қолыңыздан келе ме? Таңқалдыру дегенді қалай түсінесіз? «Даналыққа ұмтылу таңқалудан басталады» дегенді естуіңіз бар ма? Баланы АКТ құралымен, заманауи платформалармен таңқалдыру оңай. Ал, тақта мен бордың ғана көмегімен тақырыптың өзегін, мазмұнын оқушы санасына сіңіріп, өмірде пайдалана алатындай жол сілтеп, бағыт беру қиындау. Егер сіздің сабағыңыздан алған білімін бала өмір жолында пайдалана алса, бұл – сіздің ұтысыңыз, баланың – жеңісі.

Баланың ықыласын ояту, қолынан бірдеңе келетініне сендіре білу, жігерлендіру секілді қарапайым қағида шыңырау тереңге бойлатумен бірдей. Шәкірттің кемшілігін көргіш болсақ, ықыласын сөндіреміз. Сондықтан, менің сабағымда қалыс қалатын оқушы болмайды. Әрқайсысы – бір-бір тұлға, ең маңыздысы, барлығы – басты кейіпкер. Бәлкім, бұл мінсіз оқушыны іздемейтіндігімнен болар. Осы тұста тиімді әдіс-тәсілдерге жүгінемін. Биология пәні тірі ағзалар мен олардың қоршаған ортамен ара қатынасын зерттейтін ғылым екенін ескерсек, бұл пәннің тіршіліктің барлық көрінісімен байланысты екенін қаперіміздан шығармауымыз керек. Бұл ғылым саласы ағзалардың классификациясын жүйелеп, олардың қызметіне үңіледі, түрлердің қалай пайда болатынын сипаттаумен қатар ағзалардың бір-бірімен және табиғи ортамен ара қатынасын зерттейді. Яғни, тікелей өмір айналымы, көрінісі, қарбаласы, тіршілігі. Солай емес пе?

Сонымен сабақ ұтымды болу үшін ұстаз бен оқушы арасындағы нәзік қыл үзілмеу керек, баланы жігерлендіре білу қажет, тиімді әдіс-тәсілдерге жүгіне отырып, мәселені шешу жолдарын бірге қарастыру оңтайлы. Ең бастысы, сабағымыз тіршілікпен, өмірмен, шындықпен байланысты болса, ұтқаныңыз. Ендеше, ұтымды сабақтармен ұта берейік.

Әсем АЙҒОЖИНА

● КЕҢЕС

ҰБТ-ға дайындалудың тиімді жолы

Мектеп бітіріп, студент атанудың алдындағы кезеңде ҰБТ-ның маңызы зор. Тестілеуден төмен балл алып, оқуға түспей қалған бала психологиялық күйзеліске ұшырап, тіпті, өз-өзіне қол жұмсаған оқиғалар да кездесті. Биыл оқушыларға ҰБТ-ны екі рет емес, бес рет тапсыруға мүмкіндік берілді. Осы орайда ҰБТ тапсыратын түлектерге психологиялық кеңес ұсынбақпын.

ҰБТ-ға дайындалудың тиімді жолдары қандай? Алдымен оқушылар күн тәртібі мен жұмыс орнын дұрыс ыңғайлауы керек. Жұмыс орны өте жайлы және тыныш болғаны маңызды. Тестке дайындалатын үстел үстінде сары немесе күлгін түсті парақтар немесе мата қиындысы болғаны дұрыс, өйткені ол интеллектілік белсенділікті арттырады.

Күн тәртібін былай жүйелеген жөн: күнді үш бөлікке бөл; тестке күніне 8 сағат дайындалу керек; спортпен айналысуға, таза ауада серуендеуге, үй шаруасымен айналысуға 8 сағат және осы 8 сағаттан кем ұйықтама; 2 сағат тестке дайындалып, 30-40 минут мидағы жүйкелік қатаюдан арылып, ақыл-ой еңбегін дене еңбегімен (гимнастикалық жаттығулар, т.б.) алмастыру керек.

ҰБТ-ға қалай дұрыс дайындалуға болады? Үйдегілердің ҰБТ тапсырушыға барынша қолғабыс көрсеткені абзал. Дайындықты тестілеу өтетін күннен 2-3 ай бұрын бастау қажет. Ең болмағанда, материалдарды қайталап тұрған дұрыс. ҰБТ тапсырған аға-әпкелеріңізден кеңес сұраңыз. Емтиханға керекті материалдарды ғана оқыңыз. Шпаргалкаға уақыт кетіргенше, оқыған материалыңызды тағы да бірнеше рет қайталағаныңыз жөн. Үзіліс кезінде сыртқа шығып, таза ауа жұтыңыз. Дұрыс тамақтануды ұмытпаңыз. Емтиханға тыныш жерде дайындалуға тырысыңыз. ҰБТ сынағының алдында 1 тәулік ештеңені ойламай демалыңыз.

Ұлттық бірыңғай тестілеу бұл – ең алдымен уақытша сынақ. Дәл осы кезде денсаулыққа да мән берген дұрыс. Әсіресе, дұрыс тамақтануға көңіл бөлген жөн. Оқушыларға күніне 3-4 рет дәруменге толы тағамдармен тамақтану керек. Грек жаңғағы, сүт өнімдері, балық, ет, көкөніс, жеміс-жидек, шоколад жеген жөн. Бұл тағамдар адам миындағы интеллект деңгейін арттырады. Ал, тест тапсыратын күні мыналарға баса мән берген дұрыс: аса майлы тамақ жеуге болмайды және мүлдем тамақтанбауға да болмайды. Оған қоса, көкөністен жасалған жеңіл тағамдар жеген дұрыс. Қатты қобалжығандықтан, оқушының тәбеті болмауы мүмкін, бірақ аудитория атмосферасына шыдау үшін тамақтану керек.

ҰБТ алдында болатын қорқыныштың себептері – шамадан тыс жүктеме және асқан жауапкершілік. Оның қатарында баланың жүйке жүйесінің әлсіз болуы, ауру салдарынан болған әлсіздік, дәрменсіздік сезімі, өз біліміне күмәндану, ҰБТ-дан төмен балл алса, ЖОО-ға түсе алмау, жақсы мамандық ала алмау деген уайымның болуы секілді қорқыныш та бар. Оны жою үшін өз-өзіне сенімді болу, көңіл күйі түскенде жақсы әуен тыңдау, достармен әңгімелесу, спорт, серуен құру, осы кезеңнің уақытша екеніне сену, достарыңызбен әңгімелескенде өз мәселелеріңіз туралы ойламауға тырысу, айтпау, «менің алдымда тұрған барлық проблемаларды шешуге шамам келеді» деген ұстанымды басшылыққа алу керек.

ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын орта буыннан бастап жүргізсе оң нәтиже береді. Әл-Фараби бабамыздың: «Адамға бірінші тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілетін білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте адам өміріне және қоғамға үлкен апат әкеледі» деген терең мағыналы сөзі біздің дәуірімізде де құнды. Сөйтіп заман талабына сай білімді, білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға жол ашуымыз қажет.

Гүлмира КЕНҒАН,
Ә.Бөкейхан атындағы
Тірек мектебі (РО) жанындағы
интернатының психолог маманы

Ақтоғай ауданы

Биыл 7 мыңнан астам оқушы мектеп бітіреді

● КӨКЕЙКЕСТІ

Балаға қатыгездік қайдан келді?

Соңғы кезде жасөспірімдер арасында жантүршігерлік оқиғалар көбейіп кетті. Түркістан, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында болған жасөспірімдер арасындағы оқиғалар ешкімді бейжай қалдырмады. Тіпті, Алматы облысында қос баланың тағдырын қиған жағдайдан жұрттың жаны түршікті. Ата-ананың көңіліне алаң кірді. Балалар неге қатыгез болып барады? Оның әлеуметтік-психологиялық себебі қандай?

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстанның әр аймағында оқушылар арасында орын алған жантүршігерлік оқиғаларға қоғам үнсіз қала алмады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше өткен Үкіметтің кеңейтілген кеңесінде балаларға қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп кеткеніне алаңдайтынын білдірді:

«Тағы бір назар аударатын мәселе – жас ұрпақтың қауіпсіздігі. Балаларға қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп кетті. Мұндай оқиғалар мектепте, көшеде, тіпті, үйде болып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өзіне қол жұмсауына себепкер болып отыр» дей келе, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау шараларын заңмен күшейту керек екенін, отбасы құндылықтарын дәріптеу ісіне ерекше көңіл бөлу қажет екенін айтты.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев елде балалар арасында орын алған оқиғаларға байланысты жиын ашып, жауапты орындарға бірқатар тапсырмалар бергенін айтқан болатын. «Педагогтер қоғамдастығы мен азаматтық қоғам, ата-аналар өмірі мен денсаулығын қорғауға, өскелең ұрпақтың өміріне демеу болар құндылықтарын қалыптастыру жолында бүкіл ресурсымызды жұмылдырып, бала тәрбиесінде бірлесе қимыл жасау қажеттілігі туындап отыр», деді министр.

Елімізде жыл басынан бері кәмелетке толмаған 3 бала адам өлтіргені үшін, 12 жеткіншек денсаулыққа ауыр зиян келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Қазір бала неге қатыгез болып барады? Бұл тәрбиеге келіп тіреле ме? Алдын алу үшін не істеуіміз керек? Саясаттанушы әрі әлеуметтанушы Айдос Бәделұлының айтуынша, мемлекеттің идеологиясы мығым болса ғана, қоғамда қатыгездік пен әлімжеттік азаяды.

Әлеуметтанушы Айдос Бәделұлы:

«Тәрбие – әлеуметтік институт. Ол – тәрбиеге қажетті барлық құндылықтарды біріктіретін жүйе. Бүгінде әлеуметтік институт өзінің ролін атқара алмай отыр. Тіпті, ол әлсіз. Тәрбие әлеуметтік институт ретінде өзінің ролін атқара алмаса, әлімжеттік, қатыгездік болуы заңды құбылыс.

Тәртіпсіз, тәрбиесіз бала қайдан шығады дейміз. Қоғамда қазір ата-аналардың жағдайы балаға тәрбие беруден гөрі күнкөрістен аса алмай қалды. Яғни, жұмысбастылық, табыстың аздығы, несие, тағы басқасы. Отбасы жағынан мемлекет тәрбиеге тарту керек. Жапония, Германияның жастарды тәрбиелеудегі мемлекеттік идеологиясы мықты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, сол идеологияның арқасында мемлекетті аяққа тұрғызып, әлемдік аренада өзіндік орнын айшықтап алды.

Біздің мемлекетте тәрбие дінмен, мемлекеттің саясатымен, салт-дәстүрмен, ұлттың менталитетімен үйлесуі керек. Сонда ол өзінің ролін атқарып, нәтижесін береді. Балалар арасында да әлімжеттік, тәртіпсіздік, қатыгездік тәрбие институтының құндылық ретінде жойылып кетуінен болып отыр».

Осы орайда кәмелетке толмағандар арасындағы әлімжеттік туралы балалардың өзінен де сұрап көрдік.

9-сынып оқушысы Марғұлан Бейсенов (аты-жөні өзгертілді):

«Оқушылар арасында түсініспеушілік болған жағдайда оны төбелессіз шешуге болады. Әрдайым шешімін табуға, келісімге келуге де болады. Егер проблема шешілмейтіндей болса, онда біз басқа балалардан ақыл, сол жағдайды білетіндерден жөн сұраймыз. Мен оқитын мектепте ұлдар арасында ақша жинау болған жоқ. Оқушылар арасында жәбір көрген бала ата-анасына айтуға қорқады. Себебі, ата-анасы шу көтереді. Ол баланың басқалардың алдында беделі түседі. Ал, бұзақы балалар ол оқушыны екінші рет ұруы мүмкін».

9-сынып оқитын Гүлден Кәрімова (аты-жөні өзгертілді):

«Кез келген мәселені ақылдасып шешкен дұрыс. Ұрып-соғу – мәселенің шешімі емес. Егер мұндай нәрсе бола қалған жағдайда сынып жетекші мен директордың тәрбие жөніндегі орынбасарларына айтып шешуге болады. Мен өз құқығымды білемін. Көп жағдайда оқушылар арасында әлімжеттік болғанда, балалар қорыққаннан ата-анасына айта алмайды. Себебі, оның неге апаратынын өздері де жақсы біледі»

Полиция департаментінің ерекше тапсырмалар бойынша аға инспекторы Факизат Төлтаева өңірде кәмелетке толмағандар арасында қылмыстық жауапкершілікке тартылған балалар жоқ екенін айтты. Тек сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған үш жасөспірім ерекше режимдегі арнайы мектепке жіберілген. Бес девиантты мінез-құлықты бала Алматы, Қызылорда, Тараз қаласындағы арнайы мекемеге жіберілген.

«Қарағанды облысында кәмелетке толмағандар арасында әлімжеттік жасау фактісі тіркелмеді. Биыл қала мектептерінің бірінен осындай шағым түскенімен, тексеру барысында қылмыстық әрекет анықталған жоқ. Қазір, көбінесе, балалардың қолы бос. Көп жағдайда қолайсыз отбасынан шыққан, қараусыз қалған балалар қылмысқа барады, бұзақылық жасайды, мүлік ұрлайды, түнде көшеде жүреді. Ал кейбір ата-аналар таңертеңнен кешке дейін жұмыста, баласының тәрбиесіне, олардың немен айналысып жүргеніне бас қатыруға шамалары келмей қалады. Бұл тексеру барысында белгілі болады. Былтыр өңірде кәмелетке толмағандар арасында 48 қылмыс тіркелсе, биыл 33-і тіркелді. Сондай-ақ, балалар интернет желісіне кіріп, психикасын бұзатын ойындар ойнайды. Олардың қылмысқа, қатыгездікке баруына осы нәрсе де себеп болуы мүмкін», деді аға инспектор.

Түйін: Әлеуматтанушы қатыгездіктің көбейгенін әлеуметтік институттың әлсіреуінен десе, оқушылар түсініспеушілікті ұрып-соқпай, өзара шешуге болады деп санайды. Ал, инспектор балалар арасындағы қатыгездікті ата-ананың жұмысбастылығымен және оқушылардың бос уақытының көп екенімен байланыстырады. Әрине, әр оқиғаның себеп-салдары әрқилы екені анық. Десе де, мұндай мәселенің қозғалуының өзі ұрпақ тәрбиесінде бағамдап қарайтын, жүйеге келтіретін шаруа көп екенін айғақтайды.

«Балаларға қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп кетті. Мұндай оқиғалар мектепте, көшеде, тіпті, үйде болып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өзіне қол жұмсауына себепкер болып отыр.

...Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау шараларын заңмен күшейту керек. Отбасы құндылықтарын дәріптеу ісіне ерекше көңіл бөлген жөн. Тағы да ескертемін, біз қоғамдағы, көшедегі, тіпті әр үйдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етпесек, дамыған елдердің қатарына қосылуымыз қиын болады. Азаматтарымыз еркін жүріп-тұратын қауіпсіз қоғам құруымыз қажет»

Президент
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

«Тәрбие – әлеуметтік институт. Ол – тәрбиеге қажетті барлық құндылықтарды біріктіретін жүйе. Бүгінде әлеуметтік институт өзінің ролін атқара алмай отыр. Тіпті, ол әлсіз. Тәрбие әлеуметтік институт ретінде өзінің ролін атқара алмаса, әлімжеттік, қатыгездік болуы заңды құбылыс»

Айдос БӘДЕЛҰЛЫ,
әлеуметтанушы

● «ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС»

Жаңашыл мұғалім – заман талабы

Өскелең ұрпақтың білім сапасы ұстаздың біліктілігіне тікелей байланысты. Өйткені, бізді қоршаған әлем үнемі өзгеріп отырады. Біз де өзгереміз. Мұндай өзгеріске балалармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтін мұғалімдер де дайын болуы керек.

Жас ұрпақпен жұмыс істей отырып, мұғалім оқушылармен байланыс орнатуға және оқушының міндетін тиімді орындатуға көмектесетін белгілі бір кәсіби қасиеттерге ие болуы тиіс. Мәселен, оқушыларды үнемі жетілдіре отырып, түрлі қырын ашу. Өзім қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болғандықтан, алдыма жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарды танып-біліп өссе деген міндет қойдым. Қазақтың әдебиетін, мәдениетін, бай тарихын бала бойына сіңіруді ұстаздық борышым деп білемін. Өскелең ұрпақты өз тілін жетік меңгерген, өткен күннің тарихын тереңінен түсініп бағалай білетін, ана тілі арқылы әлемдік өркениетке үлес қосатын азамат ретінде тәрбиелеп шығару парызым. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жаңа тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай бәсекеге қабілетті, ізденімпаз, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлауды дамыту, саралап-деңгейлеп оқыту және Қ.Бітібаеваның технологиясын қолдана отырып жүзеге асырудамын.

XXI ғасыр – ақпараттық технологияның және ғылымның дамыған заманы. Ол кез келген адамнан әмбебап болуды талап етеді. Оның ішінде мұғалімдер де заман ағымымен бірге өзгеруі керек. Өзгеріс пен талап ынталы оқушыларды анықтауға мүмкіндік береді. Ұстаздық жолда жүрген 28 жылымда білгенімді оқушылардың қарым-қабілетін ашуға жұмсап келемін. Еңбек ақталуда. Елеулі жетістіктеріміз де бар. Әли Ахмет, Ақнұр Мұрат, Аружан Нұрбекова, Айсана Алмасова, Аиша Бисенова, Іңкәр Жұмабай, Алмаз Сайлау, Бибігүлсім Серікбек, Аида Амангелдина, Аят Көшен, Ислам Сатарқұл, Виктория Булатова, Жансая Сатанова, Наргиза Амангелдина атты оқушыларым жүлделі орындарға ие болып жүр.

Жаңашыл мұғалім – шығармашылық қабілеттерді дамытуға жағдай жасай алатын, оқушылардың білімді қабылдауға деген құштарлығын оята алатын, өз бетінше ойлауға үйретететін, материалды оқыту барысында өз бетінше сұрақтар құрастыра алатын, өз білімін толығырақ іске асыра алатын адам. Сонымен қатар пәндерді оқуға деген ынтасын арттырып, олардың жеке бейімділігі мен талантын көтермелейтін тұлға.

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң, биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдында, айналсаң, артында тұрғандай» деп Сократ айтқандай, мұғалім – үлкен білімнің, мәдениеттіліктің, жаңашылдықтың нышаны. Ұстаз – үлкен құрметке лайық маман иесі.

Алтын ЖАПАБАЕВА,
№66 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

● БІЛІМ

Тоғыз айда – тоғыз шара

Биыл наурыз айында еліміздің барлық мектептерінде «Күй күмбірі» атты республикалық домбырашылар челленджі өткені есте. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған мұндай шаралар жаңа оқу жылынан бастап, әрі қарай жалғаспақ.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында орта білім беру ұйымдары үшін жаңа оқу жылына арналған «Тоғыз ай – тоғыз іс-шара» іс-шаралар жоспарын ұсынды.

«Тоғыз оқу айы ішінде оқушылар тоғыз түрлі іс-шараға қатысады. Бұл жоспар биыл наурыз айында оқушылар арасында өткізілген «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар челленджінің жалғасы болып табылады. Барлық іс-шаралар ұлттық құндылықтарды дәріптеуді тәрбие процесіне енгізуге бағытталған», – деп атап өтті Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Мадина Тыныбаева.

Айта кетейік, іс-шаралар келесі тәртіпте өткізіледі:

Қыркүйек – «Сергіту сәті», қазан – «Әнұран айту», қараша – «Асық ату», желтоқсан – «Шығарма жазу: болашаққа хат».

Қаңтар – «Қазақ есебі», ақпан – «Оқуға құштар мектеп», наурыз – «Домбырашылар», сәуір – «Тоғызқұмалақ, шахмат ойыны», мамыр – «Жасыл мекен».

Өз тілшіміздің

● АБАЙ ӘЛЕМІ

Алдау қоспаған әулие

Егемен елдің тәуелсіздігі мен теңдігін нығайтып жатқан бүгінгі ұрпақ үшін Абайдың болмыс-бітімі, ділмәр даралығымен, ерекше даналығымен құнды. Оның мол мұрасы әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді қалыптастырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Кәсіпкерлік – ерекше экономикалық құбылыс. Абайдың бизнес, кәсіпкерлік туралы айтқаны соншалықты анық. Өркениетті ел болуды кәсіпкерліктен тапқандай болады. «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім» өлеңінде «Бейнет көрмей, дәулет жоқ» екендігін баса айтса, «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінде жұмыс істеп, мал бақпаған жігітте қасиет болмайтынын айтқан. Абай шығармаларының өн бойында адал еңбек қана елді ұшпаққа жеткізетінін алға тартқан. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде: «Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек. Арамдықтан жамандық, көрмей қалмас, Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек», – деген.

Ақын ұсынған рухани ұстаным да айрықша: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боларсың елден бөлек», – дейді.

Әл-ауқатты арттыру, бақуатты өмір сүру – бүгінгі күннің міндеті. Бұл едәуір қажыр-қайратты, біліктілікті талап етеді. Сол үшін бірқатар теріс қылықтардан, кемшін қасиеттерден арылуды оныншы сөзінде айтады: «Құдай саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың. Ол қуатты орын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың» дей келе, «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?» дейді. Байлықтың көзі – орнықты еңбекте, іркіліссіз ізденісте, ұқсата білуде екендігін хакім Абай дәлме-дәл айтады. Қазіргі қоғам адамнан есепті, оны жүйелі жүргізуді талап етеді. Онсыз табыс та, кіріс те болмайды. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» деген еді. Асып-таспаудың, парасатты да пайымды өмір сүрудің тамаша өлшемдері осы.

Енді бір сөзінде хакім Абай: «Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерші – қазақтың әулиесі сол», – дейді. Қоғамның еңбек етпей, бос сандалып, серілікпен, өсек-аяңмен, ұрлық-қарлықпен айналысып жүрген бөлігіндей емес, тек өз еңбегімен ғана күнелтетін қолөнершілерді Абай қазақтардың ішіндегі әулиесі деп есептейді. Ал он сегізінші қара сөзінде: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де – ақымақшылдық», – дейді. Сондықтан қазіргі заманның талабы да осында. Қоғам әрбір қоғам мүшесінен ақылды болуын, алданбауын, ғылымға үйір болуын, арлы болуын, арсыздыққа еш дауа жоқтығын, мінезге бай болуын ұлы ойшыл бүгінгі күні де қайталап, ескертіп тұрғандай. Дамыған озық елдер қатарына қосылу адам бойына ізгі қасиеттерді де байытуды талап ететіні сөзсіз. Экономика ғана емес, рухани ішкі әлем де мықты болуы тиіс. Ақынның өзі айтқанындай «Естілердің айтқанын ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» демекші, ұлттық рухтың өміршеңдігін, жалғастығын жадымыздан шығармағанымыз абзал.

«...Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті» демекші, Абайды айналып өту мүмкін емес. Себебі, Абай – руханияттың алтын қазығы. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы асқақтай берері сөзсіз. Абайдың рухани әлемі бүгінгі қазақ елінің гүлденуіне, өркендеуіне қашанда қызмет ете бермек.

Перизат САТЫБАЛДИНА,
С.Сейфуллин атындағы
№7 мектеп-гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі
БАЛҚАШ

● ЖАС ҚАЛАМ

Қайтпас қайсар қыраным

(Кеңес Одағының Батыры, әскери ұшқыш Н.Әбдіровке арнау)

Бейбіт күнге бөленсін деп жер үсті,
Отан үшін батырлар жан берісті.
Бейбітшілік, тыныштықты біз үшін,
Қыран қазақ алып бердің Жеңісті!

Отқа оранған ұшағыңды жауларға
Бағыттадың, кеудеңізде от бар ма?
Аққан жұлдыз секілденіп көгімде,
Атың қалды парақталып томдарда.

Шайқастыңыз ұшқан оқтай аспанда,
Оқ жаудырып, зеңбірекпен дұшпанға,
«Отаныма сәлем айт!» деп досыңа
Қыршын кеткен өмірің де жалған ба?

Ардагерлер, асқар таудай өр екен!
Сіздер барда ортаймайды берекем.
Болашақпен бірге жасар ұлылар!
«Жеңіс» атты құтты болсын мерекең!

Ақмарал АМАНОЛЛА,
Ә.Бөкейхан атындағы ЖББО
мектеп базасындағы
Тірек мектебінің (РО)
9-сынып оқушысы
Ақтоғай ауданы

● КОНФЕРЕНЦИЯ

Ғылымға бастар ізденіс

Қарқаралы ауданының «Жас туристер станциясы» мекемесінде «Атамекен» үйірмесінің жетекшісі Сабыржан Русланұлының ұйымдастыруымен «Менің өлкем» атты аудандық шағын ғылыми конференция өтті. Аталған шараға Егіндібұлақ ауылынан, Қарқаралы қаласындағы Мәди Бәпиұлы атындағы №44 ЖББ тірек мектебі мен балалар шығармашылық орталығынан «Қаламгер» жас тілші үйірмесінің және Дебат үйірмесінің оқушылары қатысты.

5-6 сынып оқушылары қатысқан шараның негізгі мақсаты – туған елдің тарихына қызығатын талантты оқушыларды анықтап, олардың шығармашылық қабілетін, қоғамдағы белсенділігін арттыру, өскелең ұрпақтың бойына патриотизм сезімін қалыптастыру. Оқушылар жанжақты зерттеу жүргізіп, конференцияға тыңғылықты дайындалды. Оған оқушым – Дәрия Қапас та қатысты. Бұл оның ғылыми жобадағы алғашқы қадамы болды. Дәрия конференцияға Қарқаралыдан шыққан қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжолов туралы «Дауылды жырдың дауылпазы, қыран қанатты ақын – Қасым Аманжолов» тақырыбында ғылыми жоба ұсынды. Осы тақырыпты зерттей жүріп, оқушының үйренгені, білгені, түйгені көп болды.

Алдымен Қасым Аманжолов ауылындағы мектеп ішіндегі Қасым ақынға арналған мұражайға барды. Ақынның көзін көрген жақсы адамдармен кездесіп, сұхбат алды. Жерлесі, сырлас досы, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мұғалім, зейнеткер Мекебай Жазыбаевтың қызы Клара Жазыбаева апамен кездесудің сәті түсті. Ол Қасым ақын туралы бала кездегі естеліктерін айтып берді. Сонымен қатар өлкетанушы Дәулетқазы Мұқадиұлы ақынның кіндігін кескен кіндік шешесі Шәрия Садыққызына Қасым отбасы сыйға тартқан таза күмістен жасалған екі білезік пен екі күміс сақина тарихы туралы айтып берді. Оқушым ақын туралы зерттеуін Қарағанды қаласында жалғастырды. Қасым Аманжоловтың 110 жылдық мерейтойына орай ашылған Қасым үйіне барып, тың деректер жинап қайтты. Дәрия қаламыздағы мұражайға және балалар кітапханасына барып, Қасым ақынға арналған кітаптан жасалған құдықты да көріп келді. Табанды ізденісінің арқасында «Менің өлкем» конференциясында I орынға ие болды. Алдағы уақытта Дәрияға алар асуларың, бағындырар белестерің көп болсын дегім келеді.

Алтынгүл ЖАНАТҚЫЗЫ,
Қарқаралы қаласындағы балалар
шығармашылық орталығы дебат
үйірмесінің жетекшісі

● БӘРЕКЕЛДІ!

Жас таланттар жарады

Мәнжі батыр атындағы Қаражар ЖББ мектебінің 5-6 сынып оқушыларынан құралған «Жасұлан» құрама командасы Жайдарман ойындарының «Әдемі» маусымында мектепшілік лигада үздік өнер көрсетіп, I орынға ие болды.

Команда құрамында 9 оқушы бар. Олар: Тоқтар Нарикбаев, Әділжан Жанат, Асылхан Манерханов, Сәнді Самархан, Фариза Ғалымбекқызы, Арубике Қобыланова, Жәнібек Маусымбаев, Аяна Нағашыбайқызы, Абдулла Тулбахан.

Ляззат Ажакованың жетекшілігімен «Жасұлан» құрама командасы осыған дейін де көп жетістіктерге жетті. Жайдарман ойындарының жас таланттары аудандық бәсекелестерін жеңіп, облыстық «Маусымашар – 2023» лигасының бас жүлдесін қанжығасына байлады. Оқушыларымыз лиганың кубогымен және Алғыс хатпен марапатталды. Мектебіміздің мақтанышына айналған «Жасұлан» құрама командасы талай белестерді бағындырып, республикалық деңгейде өнер көрсететініне сенеміз.

Насихат АРИНОВА,
Мәнжі батыр атындағы
Қаражар ЖББ мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Бұқар жырау ауданы

● РЕЦЕНЗИЯ

Өмір мұғалімі

Назым ДҮТБАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туретта синдромына *(ми қызметіндегі нейрондардың жұмысы бұзылғаннан пайда болатын ауру)* шалдыққан, екі жоғары оқу орнын бітірген Наина оқушы кезінде 12 мектептен шығарылған екен. Дегенмен мұғалім болсам деген мақсатынан айнымаған қыз бес жыл бойы табанынан тозып көп мектепті аралайды. Кезекті мектептегі жұмысқа қабылдайтын комиссия мүшелерінің бірі Наинаның «ықылығына» қарап «Бұл аурумен мұғалімдік жұмыс табу қиын, басқа салаға бет бұрсаңыз қайтеді?..» деп кеңес береді. Ал, Наина комиссия мүшелеріне күлімсірей қарап «Егер мен мектеп директоры мен қамқоршыларға бірдеңе түсіндіре алсам, оқушыларға да сабақ бере аламын», – деп жауап береді.

2018 жылы түсірілген үнді фильмі осылай басталады. Алғашында ықылықтап тұрғандай дыбыс шығаратын қыздың мұнысын көрермен де жатырқайтыны рас. «Мен болсам, басқа жұмыс іздер едім» деген ой әр көрерменнің басына келер еді десек қателесе қоймаспыз.

Сиддхартх Малхотраның «Ықылық» атты фильмі мектеп мұғалімі туралы болғанымен, көрермен үшін бір сәт өмір мұғалімі бола алады. Қоғамдағы әлеуметтік алшақтықты сөз өте отырып, рухани алшақтықтың сырын ашады.

Элиталық мектепте бір сыныпта оқитын кедей ауданның балалары өздерін мектепте бөтен сезінетін. Жағдайы жақсы отбасылардың балалары оқитын мектептің оқушылары түгілі мұғалімдері үшін де

9 «Б» сыныбы көзге шыққан сүйелдей сүйкімсіз. Тіпті, балалардың өзі де осы «сүйкімсіз» образға үйренгені сонша жақсылыққа талпынуды білмейтін үмітсіз еді. Үміті сөнген адамның үмітін ояту қандай қиын десеңізші?! Жас маманды қанша мазақ етсе де қайсар қыз мойымады. Сырқатын өзге түгілі туған әкесі қабылдамаған Наина оқушылар қабылдайды деп күтпеді де, ал «ықылық» атқан жас қызды жұмыстан кетіруді мақсат еткен балалар неше түрлі айла-тәсілге барды. Сонда да Наина оларды жақсы көруден танбады… Және фильм соңында оның осы қамқорлығын бағалаған әкесі қызына «Мен сені мақтан етемін» деді. Фильмнің бұл сәті адам арасындағы әлеуметтік алшақтықтың рухани алшақтықтан әлдеқайда жеңіл болатынын көрсеткендей…

Оқушыға білім беру мен тәрбие берудің ара салмағын салмақтауға үндейтін бұл фильмнің о бастағы атауы «Икота» екен. Өзге тілге аударылғанда «Я препод» болып таралыпты.

Фильм Брэд Коуэн есімді мұғалім туралы болған оқиғаны баяндайтын кітап желісімен түсірілген. 2 млн. АҚШ долларын жұмсаған фильм әлем бойынша 25 629 954 АҚШ доллар пайда түсірген. Осыдан кейін киноны бизнес емес, идеологиялық қару емес деп айта аламыз ба?.. Күнделікті өмірде жиі айтылатын «Нашар оқушы болмайды, нашар оқытушы болады» деген сөзге күмәндансаңыз осы фильмнен кейін оған аз да болса иланасыз. Әрине, мұғалімнің барлығы Наинадай болса…

Дайындаған Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

● ДҮНИЕ – ЖАЛҒАН

Аға рухына тағзым

Алапырта соққан індеттің соққысынан әулетке түскен сынақ қос бірдей қимасымыз, бірі – ел анасы атанған әпкем Гүлбанудың, бірі – бауыр етім қарындасым Рысбаланың қазасынан ес жия алмай жатқанда, 2022 жылдың 8 мамыры күні тосыннан ағам – Тұрсын-қажы Өміржанұлы мәңгілік сапарға аттанып кете барды. Иә, Жаратқанның сыйына қарсы тұрар шамаң бар ма еді.

Қазақ ырымшыл халық қой, осы жарық дүниеге келген әр пенденің дүниеге келуінде бір жақсы тілеу, үміт тұратыны ақиқат.

Заманында ел ағасы болған, атам Өміржанның тұңғышы менің әкем Жеңістің соңынан ерген қос қарындасынан кейін, екі жұбы егізден дейді. Екеуі жалқы алты бауыры бәрі ер балалар 3-4 жасында қайтыс болыпты. Бұл әрине, дүниеге әкелуші себепкер ата-анаға жеңіл соққы болмаса керек. Ауырлығы сонша, ата-әжеміз бұл жөнінде жақ жазбай кеткен – тілеулері көзге көрінгендерінің амандығы болса керек. Үлкендердің айтқанымен жазып отырмын.

Жарылқаушының сыйына шек бар ма? Тілеумен 1958 жылы 5 ақпанда ер бала дүниеге келіп, ырымдап есімін Тұрсын деп қойыпты. Ақжолтайлығы, соңының жақсылығынан інілері Ерсін, Еркіні дүниеге келді. Бала Тұрсын кішкентайынан ерекшеленіп, үлкендердің алдында тақылдап, бөлек жаратылыс екені көрініп тұратын еді дейтін апалары, ағалары. Мектепте оқығанда алғырлығымен, ізденімпаздығымен, мақсатшылдығымен көзге түскен озат оқушы болды. Бұл жөнінде алдарынан дәріс алған ардагер ұстаздарымыз Тұрсынды үлгі қылып айтып отыратын, осының дәлелі Тұрсын да өмірінің соңына дейінгі аралықта өзі білім нәрін алған мектебімен әрдайым байланыста болды. Қашанда өзі білім алған мектебін, ұстаздарын, ауылдастарын мақтан тұтып жүруші еді. Орта білім алған білім ордасы Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы №7 мектеп-интернатында да озық, үлгілілердің қатарында бола білді. Бүгін де мектептің мақтаныш тақтасында орын алғандар қатарында тұр. Мектептегі ұстаздарының бағыт-бағдарымен техникалық білімге ұмтылысын білдіріп, Теміртау қаласындағы Жоғары техникалық оқу орнына түсіп, құрылыс саласы бойынша мамандықты таңдап, үздік дәрежеде аяқтап шықты. Арасында азаматтық борышы – 2 жыл әскер қатарында болды. Осының арасында өмір өз жүгін арқалатып, әкесінің дүниеден өтуіне байланысты анасын, іні-бауыр, туғандарын қамқорлығында ұстап, өмірінің соңына дейін сол мойнына салған міндетін абыроймен атқарып кетті. Өзі жоғары білім алған ордасында ұстаздық қызметте қалып, өмірін мағыналы да, абыройлы ғылым жолына бағыттап үнемі ізденісте бола білді. Теміртау қаласында қызметте болған жылдарында ұстаздық, ғылыми жұмыстардан тыс, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Ұлтының мүддесіне қызмет ете білді. Осы қасиетті шаһар Теміртауында отбасын құрды. Балалары дүниеге келді, ғылыми ізденіс, тәжірибе, тәлімге арнады жылдарын. Абыройлы болды, мақсатына жете білді.

Тәуелсіздіктің жемісі – ұлттық рухтың ояну, өшкенді жаңғырту, тарихты жандандыру, қазақ қоғамы жаңа серпіліске енген уақытта тәуелсіз қазақ елінен алғаш 1992 жылы қажылық сапарға аттанғандардың қатарында Тұрсын Өміржанұлы да болды. Атақ үшін емес жүрек қалауымен. Тума табиғатынан таза болмыс, шыншылдығы, адалдығы, жүрек тазалығы осы жол – міндетті атқарудың сәтін келтірді, соңғы демі шыққанша ата дініне адалдығын сақтады.

Жаңалыққа, жақсылыққа ұмтылыс, ізденімпаздық ел астанасына жетелеп, 2001 жылы Еуразия ұлттық университетіне қызметке шақыртылып, өмірінің соңына дейін аталған оқу орнында ұстаздық қызмет, ғылыми тәжірибелік жобаларды жүзеге асырысуға атсалысты. Атқарып жатқан ғылымдағы бағытына қарай жаңадан салынып жатқан азаматтық, қорғанысқа қатысты ғимараттардың іргетасын шегендеуге белсене қатысып, ғылыми еңбек тұжырымдамаларын жүзеге асырды. Бұл үлкен жауапкершіліктің ісі, осы мақсатта алыс-жақын шетелдерге жиі іссапарларға шығып, шетелдік ғалым-мамандармен тәжірибе алмасып, тынымсыз еңбек етті. Еңбегі елеусіз қалмады. Қазақстанның Құрметті құрылысшысы атағымен марапатталды. Жүзден аса ғылыми монография мен еңбектің авторы. Ғылым жолында ізбасарлары шәкірттерін тәрбиелеп, жоғары ғылыми атақ қорғауға қамқорлық танытты. Басшылық жасап отырды. Өзінің еңбекқорлығының, ізденімпаздығының арқасында өзі діттеген ғылыми атақтарға қол жеткізе білді. Еңбегі үкімет тарапынан бағаланып отырды. Әлі де мемлекетіне, халқына, қоғамына еңбек етсем, шарапатымды тигізсем деген зор мақсаты бар еді. Оған жазмыштан өлшеулі мерзімі, уақыты келді-кетті.

Тұрсын-қажы Өміржанұлына Жаратқанның берген ерекше сыйы болар көркем мінездің иесі еді, жанашырлық, мейірімділік, инабаттылық бойынан аулақтаған емес, жанұяда да, сыртта да бір мінезді мәдениетті адам еді. Дос-жаран, ағайын-туыстың ыстық-суығында қашанда бірге бола білді. Іні-бауырларының, балаларының жақсы білім алып, азамат болып қалыптасуларына көмегін аяған емес.

Шешендік тегінен, тумысынан болар, кез келген ортада жөнімен суырылып шығып, келелі, ғибратты ой тұжырымдай білетін.

Адамға сын сағатын сездіреді дегенде шындық бар болар, ағаның соңғы туған еліне сапары ерекше – өзінің қимыл-әрекетімен білдіртіп қойғанға ұқсайды, оны осы бір сәттерде жанында болған адамдар кейін еске алып айтып отыр, бәрімен көрмеске қоштасқандай іс-әрекет, әке-шеше қабірі басындағы көздің жасына ерік беруі, қасиетті Қарқаралысының қайыңымен, қарағайын құшақтап қимай қоштасуы, жолай ағайын-туыстың бүлдіршін балаларын құшақтап, аймалап «мені сүйіп қалыңдар» деп аузына сөз салуы – ерекше тұлғаға жүрегі сездіртіп, елімен де, жерімен де қош айтыс деп белгі бергендей. Қазіргі уақыт өлшемімен аз жас 64-тен 65 жасқа қараған шағында Тұрсын-қажы Өміржанұлы көлік тізгінінде туған елі Ақбай-Қызылбай мен Астананың қақ ортасында бақилыққа аттанды. Жүрегіндегі иманы ма көмекке келген, қәлимасына келіп, қиналмай жымиып кете барған.

Ұлы Думаннан рұқсат сұрап, ақылға салып, қажы ағаның ықыласы осылай болар деп ұйғарып, орта жолдан еліне әкеліп, қара орман Қарқаралысының халқымен қош айтыстырып, өзі қимай қоштасқан әке-шешесінің жүлгесінен мәңгілік мекені Жер-Ана қойнауына бердік.

Жылжып жылы да жақындап келеді, сағыныш басылар емес. Аға рухына тағзым ретінде бағыштадым, артында қалған ұрпағына тек жақсылықтарын берсін.

Дүйсенбек ЖЕҢІСҰЛЫ,
немере інісі
№227

Жыл сайынғы «Парыз – 2023» конкурсына қатысуға өтінімдерді қабылдау басталғаны туралы хабарландыру

Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы облыстың жұмыс берушілері мен кәсіпкерлерінің назарына ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, жұмыс берушілердің Ұлттық палатасы, Қазақстан Республикасының кәсіподақтар Федерациясы 2023 жылы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» республикалық конкурсын өткізудің басталғаны туралы хабарлағанын жеткізеді. Байқау қорытындысы жыл соңында шығарылады.

Конкурс жеке кәсіпкерлік субъектілерінің халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін қоғам алдындағы өзінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған.

Осыған байланысты облыстың қалалары мен аудандарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, жоғары корпоративтік жауапкершілігі бар өңір кәсіпорындарының оң тәжірибесін, өткен жылдардағы «Парыз» конкурсының жеңімпаздарын насихаттау жоспарланып отыр.

Конкурстың өңірлік және республикалық кезеңдеріне қатысу тегін.

Байқау 4 номинация бойынша өткізіледі:

1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын»

Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға, өңірдің әлеуметтік жобаларын іске асыруға қатысуға, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекке ақы төлеуді және әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыру, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйелері, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың барынша көп санын жұмысқа орналастыру және т.б.) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады.

2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын»

Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады.

3) «Үздік ұжымдық шарт»

Бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады.

4) «Экологияға қосқан үлесі үшін»

Бұл номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Сонымен қатар, конкурста **«Жылдың үздік әлеуметтік жобасы»** арнайы сыйлығы бекітіледі.

Бұл арнайы сыйлықта бизнес іске асыратын, халықтың әлеуметтік осал және аз қамтылған топтарының жұмыспен қамтылуына және (немесе) тұрмыс жағдайларын жақсартуға ықпал ететін әлеуметтік жобалар қарастырылады.

«Парыз – 2023» конкурсына қатысу қағидалары мен тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін ұйымның орналасқан жері бойынша қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне жүгінулеріңізді сұраймыз. Сондай-ақ, барлық ақпаратты «Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ сайтынан ала аласыздар.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Рамазан қоржыны» таратылды

Балқаш қаласындағы мешіт қызметкерлері Рамазан айы басталған күннен аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себеттері мен ауызашар қоржынын үлестіріп, халықтық шараға үлес қосты.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мешіттің бас имамы Нұрболат Сейілханұлының айтуынша, Рамазан айының құрметіне «Рамазан қоржыны», «Садақада сансыз сауап бар» атты қайырымдылық іс-шара ұйымдастырылған. Акцияның басты мақсаты – қаладағы көпбалалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек қолын созу. Игі бастама аясында 100 отбасыға азық-түлік берілген. Рамазан қоржынына күнделікті дастархан мәзіріне қажетті ұн, май, күріш, макарон, шай, қант және құрма салынған.

– Қайырымдылық шараға атсалысқан әрбір жанға Алла Тағала разы болып, сансыз сауап жазып, екі дүниенің бақытын нәсіп етсін. Рамазан айында азық-түлік қоржынын таратқандарға алғысым шексіз. Берекелі іс болды. Көмек қоржыны шаһардағы жағдайы нашар, күнкөрісі төмен отбасыларға берілді. Азық-түліктерді ауызашар беруге ниеттенген және қайырымдылық жасағысы келген кәсіпкерлер сатып әперді. Игі шара Ораза айынан кейін де жалғасады, – деді Балқаш қалалық мешітінің бас имамы Нұрболат Қалдарбеков.

Айта кетейік, берекелі ай басталғалы жергілікті мешіттерде «Ауызашар қоржыны», «Ауызашар қорабы», «Рамазан базарлығы» сынды акциялар үздіксіз ұйымдастырылды.

БАЛҚАШ

● ҚЫЛМЫС

Интернет алаяқтар ұсталды

Қарағанды облысының полицейлері бірнеше интернет алаяқтығын жасаған сегіз күдіктіні ұстады.

Қанша айтылса да алаяқтардың құрығына түсіп, алданып қалған тұрғындардың саны азаяр емес. Жыл басынан бастап интернет алаяқтарға алдану бойынша 508 арыз тіркелді.

– Криминалдық полиция қызметкерлерінің жедел әрекеті нәтижесінде бірнеше интернет алаяқтығын жасаған сегіз тұлға ұсталды. Мәселен, Осакаров аудандық полиция бөлімінің өндірісінде Қылмыстық кодекстің «Алаяқтық» бабымен қозғалған 12 қылмыстық іс бар. Күдікті, аудан тұрғындарының сеніміне кіріп, оларды алдап, ақпараттық технологиялардың көмегімен тұрғындарға онлайн-несие рәсімдеген. Жәбірленушілерге 12 миллион теңге көлемінде шығын келген. Жүргізілген арнайы жедел-іздестіру шаралары барысында осы іске қатысы бар деген күдікпен 25 жастағы азамат ұсталып, мойындау көрсетпесін берді. Қазіргі уақытта күдіктіге қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қабылданды, – деп хабарлады облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Әбіл Әбілдин.

Департамент бастығының орынбасары алаяқтардың арбауына түспеу үшін банк қызметкерлерінің ешқашан сіздің жеке ақпараттарыңызды сұрамайтынын, өздеріңіздің жеке деректеріңізді бөгде адамдарға бермеу қажеттігін, күдік тудыратын сілтемелерге кірмеу керектігін, сонымен қатар, егер тұрғындарға «банк қызметкеріміз» деп хабарласа, бірден телефон тұтқасын қойып, банктың Call-орталығына немесе полицияға хабарласу қажеттігін тағы да ескертті.

Өз тілшімізден

ХАБАРЛАНДЫРУ
(жария талқылау)

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2023 жылғы 1 мамырдан бастап «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен **«Нұрқазған БФ қажеттіліктері үшін Батыс Нұрқазған карьерінің аршыма тау жыныстары үйіндісінен тасты жер тиеу»** жобасы бойынша қоғамдық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Актау а.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС

Өкілі: А.А. Усманова, байланыстар: тел. 8(7212) 95-71-35

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты.

Өкілі: Н.Ж. Темирбаев, байланыстар: 8(777) 275 7969,

эл.мекенжайы: Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары ecoportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде https://idp.ecoportal.kz. сілтемесі бойынша қолжетімді болады.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты, сонымен қатар жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz эл. мекенжайы және тел. 8(777) 275 7969,

ОБЪЯВЛЕНИЕ
(публичные обсуждения)

ТОО «Корпорация Казахмыс» сообщает, что с 1 мая 2023 года проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по проекту **«Отгрузка скального грунта с отвала вскрышных пород карьера «Западный Нурказган» для нужд Нурказганской ОФ»** с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, поселок Актау.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Усманова А. А., контакты: тел. 8(7212) 95-71-35.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Темирбаев Н.Ж., контакты 8(777) 275 7969,

эл. адрес: Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: ecoportal.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке https://idp.ecoportal.kz.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz и номеру тел. 8(777) 275 7969.

Объявление

1. РГП на ПХВ «Институт зоологии» КН МОН РК сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений Биологического обоснования живоотлова сайгаков для реализации программы научных исследований по теме «Содержание и разведение сайгаков в неволе»;

2. Территория воздействия – Нуринский район Карагандинской области;

3. Публичные обсуждения опубликованы на сайте https://ecoportal.kz/ с 27.04.2023 г. до 12.05.2023 г.

4. Инициатор намечаемой деятельности – РГП на ПХВ «Институт зоологии» КН МОН РК г. Алматы, 050060, пр. Аль-Фараби 93, тел.: +7 (727) 269-48-76, +7 (727) 269-48-70, E-Mail: office@zool.kz, Web-site: http://zool.kz;

5. Разработчик биологического обоснования живоотлова сайгаков для реализации программы научных исследований по теме «Содержание и разведение сайгаков в неволе» – РГП на ПХВ «Институт зоологии» КН МОН РК г. Алматы, 050060, пр. Аль-Фараби 93;

6. С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний, можно будет ознакомиться на сайте https://ecoportal.kz/;

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а так же запросить копии документов, относящиеся к намечаемой деятельности, можно получить по электронному адресу – office@zool.kz, на сайте https://ecoportal.kz/, и по телефону: +77019470102;

8. Замечания и предложения принимаются по электронному адресу – office@zool.kz, на сайте https://ecoportal.kz/, и по телефону: +7701947 0102.

№224

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2023 жылғы 1 тоқсандағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 2023 жылдың 1 тоқсанында 1 аудиторлық іс-шара жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен 14 115 307,0 мың теңге қаражат көлемімен 5 объект қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзу 1 828 532,2 мың теңгеге (аудитпен қамтылған қаражат сомасының 12,9%) анықталды. Оның ішінде 689 752,4 мың теңге қалпына келтірілуге (өтелуге) жатады, 651 681,2 мың теңге немесе 94,5% қалпына келтірілді (өтелді).

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша жолданды:

аудит объектілеріне – 1 аудиторлық қорытынды және 3 нұсқама (2 ұсыным, 12 тапсырма), лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ;

мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 1 ұсыныс;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 57 аудит материалы, әкімшілік жауапкершілікке айыппұлдың жалпы сомасы 7 952,1 мың теңгеге 26 тұлға тартылды.

Есептік кезеңде тексеру комиссиясы ӘҚБтК-нің 462-бабының 3-бөлімі бойынша 1 әкімшілік іс қозғады және іс жүргізу шешімін қабылдау үшін Қарағанды облысы бойынша Қарқаралы аудандық сотына берілді.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы директордың орынбасары-«Индустриальная Караганда» газетінің Бас редакторы Оксана Вячеславовна Мягкихке нағашы ағасы
Юрия Александрович ЛЕНИНГТІҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны:
43-21-55

Қарағанды облысы: ауа райы

	22 сәуір	23 сәуір	24 сәуір
Қарағанды қаласы	+13 -3	+10 -1	+10 +3
Абай ауданы	+12 -3	+8 -3	+9 -3
Ақтоғай ауданы	+11 +3	+11 0	+8 0
Бұқар жырау ауданы	+10 0	+6 -3	+10 +3
Қарқаралы ауданы	+2 -7	+3 -4	+5 -2
Нұра ауданы	+12 -7	+10 -3	+10 +3
Осакаров ауданы	+12 -2	+8 -3	+12 -3
Шет ауданы	+9 -3	+6 -3	+10 -3

Ақпарат https://www.gismeteo.kz/ сайтынан алынды

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:
«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Грантқа түсу үшін – ҚарУ коды – 031; Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz
№214

Қарағанды Шинсервис
ШИНАЛАР
Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ
• жеңіл автокөліктер үшін
• жеңіл жүк көліктері үшін
• тракторлар және ауылшаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін
БІЗ АРЗАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БІЗ АРЗАНДАУ БАҒАҒА САТАМЫЗ
Қарағанды қ.,қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

● ҚҰРМЕТ

Соғыстың соңғы солдаттары

Биыл – Ұлы Жеңіске 78 жыл толып отыр. Сол сұрапыл кезеңде кеудесін оққа тосқан, мұз құрсанып, қар жастанған ардагерлеріміз қазір ат төбеліндей ғана қалды. «Ortalyq Qazaqstan» газеті «Соғыстың соңғы солдаттары» атты жаңа жобаны назарларыңызға ұсынады. Облыстағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерен ерлігін, өнегелі өмірін ұрпақ жанында жаңғырту мақсатында жаңа айдарды жариялап отыр. Олай болса, мархабат, мәртебелі оқырман!

Редакциядан.

Сұңғат Смағұлұлы Сәттіғұлов 1923 жылғы 1 қаңтарда Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. 1941 жылы желтоқсан айында Қызыл Армия қатарына шақырылды.

Алматыдағы жаяу әскерлер училищесінде соғыс өнеріне даярланып, 1942 жылдың маусым айында Сталинград түбіндегі майданға қатысты. 1943 жылы жараланып, 1944 жылға дейін госпитальде емделген соң қатарға қосылып, Минск қаласын азат етуге қатысты.

1947 жылы әскерден оралып, Алматы облысы Шамалған поселкесінде құрылыс техникумында оқыды. 1956 жылдан Қарағанды облысының ауылдық жерлерінде прораб, Қарағанды қаласының әртүрлі мекемелерінде инженер-құрылысшы болып жұмыс істеді. 1980-1984 жылдары «Сельхозхимия» мекемесінің бастығы болып істеп, зейнеткерлікке шыққан. Ұлы Жеңіске қосқан үлесі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарымен марапатталды. Бірнеше мәрте мерейтойлық медальдарды еншіледі. Қарағанды облысының Құрметті ардагері.

Николай Григорьевич Рассказимов 1926 жылы 6 желтоқсанда Рязань облысы Можар ауданы Ольхи ауылында дүниеге келген. 1-ші Қиыр Шығыс майданының құрамында старшина атағымен атқыштар бөлімшесінің командирі ретінде жауынгерлік жол өтті.

2-дәрежелі Отан соғысы ордені, «Ерлігі үшін» медалі, Жоғарғы қолбасшылықтың Алғыс хаты, мерейтойлық медальдар иегері.

1945 жылы Харбин қаласында Кеңес Армиясы қатарынан босатылды.

Соғыстан кейін 1986 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін Қарағанды қаласында жүргізуші болып жұмыс істеді. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. Қарағанды облысының Құрметті ардагері.

● ӘУБӘКІР СМАЙЫЛОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 110 ЖЫЛ

Сан қырлы саңлақ

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада Өнер әдебиеттері бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, халық суретшісі, киноактер, режиссер, хореограф Әубәкір Ысмайыловтың 110 жылдық мерейтойына арналған «Сегіз қырлы, бір сырлы» атты еске алу кеші өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлесіміз Ә.Ысмайылов Қарағанды облысы Сарыбел ауданында дүниеге келген. Бала кезінен сурет салуға құштар жан өзінің 86 жыл өмірінде 400-ге тарта картина салған екен. Мәскеудегі жоғары көркемдік институтының графика факультетінде оқып жүрген кезінде алғаш рет «Өмірге жолдама» фильмінде массовкаға түсіп, театр өнеріне деген сүйіспеншілігі арта түскен, 1938 жылы М.Әуезов атындағы Қазақтың Мемлекеттік академиялық драма театрына көмекші режиссер болып орналасады. Қазақ жерінде кәсіби би өнерінің қалыптасуына мол еңбек сіңірген тұлға.

Кеш талантты тұлғаның ел руханиятына сіңірген еңбегі мен шығармашылығын насихаттауды көздеді.

Шара барысында Алматы қаласында тұратын өнер иесінің қызы Гүлзамира Әубәкірқызы арнайы дайындалған бейне сәлемін жолдады.

Кеш қонақтары Шахтинск қаласындағы Ә.Ысмайылов атындағы көркем-өнер мектебінің оқытушысы Арай Өмірбаянқызы оқырман назарына мектептің тарихы туралы бейне шолу ұсынды. Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің өнертанушысы Мейрамкүл Айдарханқызы суретшінің музей қорындағы туындыларымен таныстыра отырып, көрермен сауалдарына жауап берді. Ал, педагог-хореограф Асылбек Санархан дара тұлғаның қазақ би өнерінің қалыптасуына сіңірген мол еңбегі жайлы әңгімелеп берді. Қазақ халық биіндегі ерлер қимылын көрсетіп, маңызы мен мағынасын ашты. «Қыран» би ансамблі сахнада «Самал жел», «Бал бөбек» билерін орындады.

Сонымен бірге Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенті Мүрсәлім Ақжол Мұратхан Егінбаевтың «Шынарым» әнін орындап, көрермен ықыласына бөленді.

Кеш соңында суретшінің шығармашылығына арналған «Сегіз қырлы, бір сырлы» атты кітап көрмесіне шолу жасалып, «Қылқалам шебері» әдеби танымдық викторинасы ұсынылды. Белсенділік танытқан жеңімпаздарға Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің мамыр айында өтетін көрмесіне жолдамалар берілді.

● КӨРМЕ

Француз фотографы шақырады

Француз фотографы Жан-Марк Годестің «Жаны бар кітаптар» атты жеке көрмесі 24 сәуір күні Қарағандыдағы Н.Гоголь атындағы облыстық ғылыми кітапханада ашылады. Қала қонақтары бес күн бойы «өз аяғымен келген» ғажап суреттерді тамашалай алады.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жан-Марк Годестің суреттері бізге дейін Еуропа, Канада, Қытай, Үндістан еліндегі көрмеде қойылған. Фотографтың ең бір ерекшелігі – шеберлігі арқылы кітапты насихаттап келеді. Көрменің кітапханада өткізілу себебі де – осында.

Жан-Марк Годестің туындылары кітап, ондағы өмірдің поэтикалық көрінісінен сыр шертеді. Көрме кешкі сағат 17:00-де ашылады.

Француз маманы фотографтарға арналған шеберлік сабағын да өткізеді.

25 сәуір күні қала тұрғындары фототүсірілімге қатыса алады. Жан-Марк Годес фотоколлекциясын қарағандылықтармен толықтырғысы келеді. «Instagram» әлеуметтік желісіндегі мына парақша арқылы жазылуға болады: @af.qaraghandy.

Мұндай шырайлы шараны Францияның Қазақстандағы Елшілігі мен Қазақстанның Француз альянстарының желісінің бірлесіп, ұйымдастырып отырғанын атап айта кету керек. «Франкофондық көктем – 2023» мәдени маусымы осы көрмемен аяқталмақ.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Жасминнің жарқын қадамы

Кез келген баланың бойында бұғып жатқан талант пен дарын бар дейді мамандар. Тек, дұрыс бағыт-бағдар беріп, қолдап жіберсе болғаны. Ал, талантқа қанат болар – сенім. Шет ауданы, Дәрия кентінің небары төрт жасар кішкентай тұрғыны Жасмин Бейсенбаеваның жүлделерін санасақ, өзінің жасынан да асып кетеді. Жуырда ғана «Алаш» өнер орталығының» ұйымдастыруымен өткен MEGA KONKURS көпжанрлы өнер байқауына қатысып, «Хореография» жанрында бірінші орын иеленіп қайтты.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жасминнің бұл алғашқы жеңісі емес. Бұған дейін де Қарағанды қаласында өткен VI Халықаралық балалар, жасөспірімдер мен жастарға арналған MUSIK ART FESTIVAL өнер байқауында «Бипыл» биімен бірінші орын иегері атанған. Араға ай салмай Астанадан да бірінші орын иеленіп қайтты.

Бір таңқаларлығы – Жасмин бимен үш жасынан кәсіби түрде айналысады. Бірақ, хореографсыз, өздігімен үйде үйренген. Бүлдіршіннің бойындағы биге деген ерекше қабілет пен құштарлықты алғаш байқаған да ата-анасы.

– Бізде балабақша да, би үйірмелері де жоқ. Қызым YouTube желісінен қарап, ұнатқан биіне өзі дайындалады да, бізге көрсетеді. Баланың талпынысын көріп, ауылымыздағы мәдениет үйінің сахнасына шығардық. Әуелде сахнаға шығуына ықпал еткен әкесі. Билеген Жасминнің өзіне ұнайтынын, сахнадан, көрермендерден қорықпайтынын көріп, өнерін неге одан әрі дамытпасқа деген ой туды, – дейді анасы Жансая Бейсембаева.

– Жасминнің әкесі Нұрқанат Бейсембаев та өнерден алыс емес. Дәрия кентінің мәдениет үйінде қызмет етеді.

Жасмин бимен қатар, сурет салғанды да ұнатады. Ауылдық жерде тұрғандықтан, жануарларды жақсы көреді. Қызымыз өте дарынды, ақылды, нәзік, аққөңіл. Адам жатсынбай, тез сөйлесіп кетеді. Өнері де, мінезі де алыстан келген жоқ, туған әжесі – Әлия Батырбековадан дарыған. Қызымыз әжесіндей дарынды, – дейді Нұрқанат Төлеутайұлы.

Жасмин үйдегі тұңғыш бала. Одан кейін Жаннұр, Нұр-Мұхаммед есімді артынан ерген бауырлары бар.

Өнерлі бүлдіршіннің әдемі сахналық образдарын дайындап беретін әкесі Нұрқанаттың әпкесі – Меңдігүл Қасымова. Анасы Жансая Жайдарқызы Жасминнің сахналық көйлектерін дайындап беріп, тілеуін тілеп отыратын қайын апасына да алғысы шексіз.

Үш жасынан бимен кәсіби айналысып, төртке келгенде топ жарып, халықаралық байқауда өнер көрсеткен кішкентай Жасминнің алдында әлі талай жүлделер күтіп тұрғанына сеніміміз мол. Себебі, кішкентай өнерпазды қолдайтын ата-анасы, тілеуін тілейтін туған елі бар. Төрт жасында бас қала – Астанада өнер көрсетіп, жүлделі орын алған Жасмин Нұрқанатқызы болашақта әлем аренасында жұлдыздай жарқырап, қазақтың атын аспандататынына сендік. Тек, көз тимесін!

● БОКС

GGG шаршы алаңға орала ма?

Генадий Головкиннің промоутері Том Леффлер экс-чемпионның шаршы алаңға қайта оралуы туралы сөз қозғады.

– GGG алдағы жазда рингке оралуы мүмкін. Жалпы мұндай жауапты істің шешімін өзі шығарады. Бірақ, ол оны жанкүйерлері мен қазақ елінен жасырмас еді. Егер алаңға қайта оралар болса алдын ала айтары анық – деді промоутер.

Еске сала кетейік, 41 жастағы былғары қолғап шебері бұдан бұрын мексикалық боксшы Сауль Канело Альвареспен үшінші мәрте жекпе-жегінде қарсыласқа жол берген болатын.

Бапкердің сөзінше, Гена қазір дайындықтан гөрі, отбасымен көп уақыт өткізетін көрінеді.

● БИЛЬЯРД

Тастаяқтың қарағандылық тарланы

Қарағандылық бильярдшы Жәнібек Қазыбеков Қазақстан кубогінің иегері атанды.

Тоғыз жасынан тастаяқтың жілігін шағып майын ішкен жастүлекті баптаған танымал бапкер Санат Ғинаятов. Әуелден Жәнібек орыс бильярдына әуес болған.

– Алғашқы қалалық жарыстарда қарсыластарым менен 10-15 жасқа ересек болатын. Ал, ең бірінші Республикалық турнирге 18 жасымда қатыстым. Ол жарыстан 80 қатысушының арасынан IV орын алып қайттым, – дейді Жәнібек Қазыбеков.

● ХОККЕЙ

Айласын асыра алмады

Хоккейден Қазақстан командасы Оңтүстік Кореяда өтіп жатқан 1в дивизионында өткен әйелдер хоккейінен әлем чемпионатының үшінші матчында сәтсіздікке ұшырады.

Біздің құрама Италияға қарсы ойнады. Матч 3:0 есебімен қарсыластардың пайдасына шешілді.

Ал, мұз айдынын жарқын голдарымен әсерлі еткен: Эмми Варано, Аврора Абатанджело, Миа Кампо болды.

Еске салсақ, бұған дейін Қазақстан Ұлыбритания мен Словениядан жеңілген болатын.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Интернет-редакция редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№45 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**